

Осы Конвенция ережелерінің қолданысына мыналар:

1. Ұзақтығы кемінде үш апта болатын көрмелер;
2. Ұзақтығы 1-тармақта көзделген ұзақтықтан аспайтын жағдайда халықаралық конгрестерге байланысты ұйымдастырылған ғылыми көрмелер;
3. Халықаралық көрмелер;
4. Бір ғана ел екінші елде оның шақыруы бойынша ұйымдастырған көрмелер ж а т п а й д ы .

Уағдаласушы елдер осы Конвенцияның қолданысына бола тұра, онда көзделген міндеттемелерін орындамаған халықаралық көрмелерге қамқорлық көрсетуден және мемлекеттік субсидиялардан, сондай-ақ төменде III, IV және V бөлімдерде көзделген басқа артықшылықтардан бас тартуға келісті.

2-бап.

Егер көрме бірнеше өнеркәсіп салаларындағы адам еңбегінің бұйымдарына арналса және ол белгілі бір салада, мысалы, гигиена, қолданбалы өнер, қазіргі заманғы жайлылық, колонияларды дамыту сияқты және т.б. салаларда қол жеткізілген барлық табыстарды көрсету мақсатында ұйымдастырылса, ол жалпыға ортақ болып табылады.

Егер көрме қолданбалы ғылымның қандай да бір саласына (электр, оптика, химия және т.б.), қандай да бір өнеркәсіп саласына (тоқыма, металлургия, графикалық өнер және т.б.), қандай да бір шикізат түріне (қатты және және жұмсақ тері, жібек, никель және т.б.) немесе мұқтаждықтың қандай да бір негізгі түрлерінің біріне (жылыту, тамақтану, көлік және т.б.) арналса, ол арнайы болып табылады.

10-бапта көзделген Халықаралық Бюро көрмелердің жіктелуін жүргізетін болады, оны алдыңғы абзацқа сәйкес арнайы көрмеге қатысуы мүмкін кәсіптер мен экспонаттарды айқындау үшін басшылыққа алу қажет. Бұл тізбе жыл сайын қайта қаралуы мүмкін.

3-бап

Халықаралық көрмелердің ұзақтығы алты айдан аспауға тиіс. Сонда да Халықаралық Бюро ұзақтығы көп болатын жалпыға ортақ көрмені өткізуге өз рұқсатын беруі мүмкін, бұл ұзақтық ешбір жағдайда он екі айдан аспауға тиіс.

II-БӨЛІМ. КӨРМЕЛЕРДІ ӨТКІЗУ ЖИЛІГІ. 4-бап.

Осы Конвенцияның мәні болатын халықаралық көрмелердің жиілігі мынадай қағидаттарға сәйкес белгіленеді:

Жалпыға ортақ көрмелер екі санатқа бөлінеді:

Бірінші санат: шақырылған елдер ұлттық павильондар салуға міндеттенетін жалпыға ортақ көрмелер;

Екінші санат: шақырылған елдер үшін мұндай міндеттеме белгіленбейтін жалпыға ортақ көрмелер.

Бір елде ұзақтық кезеңі 15 жыл болатын бірінші санаттағы бірден аспайтын жалпыға ортақ көрме ұйымдастырылуы мүмкін, бұл ретте кез келген санаттағы екі жалпыға ортақ көрме арасында 10 жылдық аралық сақталуға тиіс.

Уағдаласушы елдердің ешқайсысы, егер бірінші санаттағы соңғы жалпыға ортақ көрмеден кейін кем дегенде алты жыл өтпесе, бірінші санаттағы кез келген жалпыға ортақ көрмеге қатыса алмайды. Уағдаласушы елдердің ешқайсысы, егер соңғы жалпыға ортақ көрме кезінен кейін екі жыл өтпесе, екінші санаттағы кез келген жалпыға ортақ көрмеге қатыса алмайды. Бұл аралық бірдей сипаттағы көрмелер үшін төрт жылға дейін арттырылады.

Алдыңғы параграфта көзделген уақыт аралықтары Конвенцияға мүше елдер көрмелерді ұйымдастыратынына немесе ұйымдастырмайтынына қарамастан қолданылады.

Уағдаласушы елдердің аумақтарында бір уақытта бірден артық бірдей сипаттағы арнайы көрме ұйымдастырылуы мүмкін емес. Сол елде сондай көрмені қайталау үшін бес жылдық уақыт аралығы міндетті болып табылады. Алайда Халықаралық көрмелер Бюросы ерекше жағдайларда бұл уақыт аралығын, егер көрмелер арасындағы уақыт аралығын мұндай қысқарту сол не өзге өндіріс саласының қарқынды дамуымен ақталған деп есептесе, кемінде үш жылға дейін қысқартуы мүмкін. Көрмелер арасындағы уақыт аралығын осылай қысқартуға бірқатар елде интервалы кемінде бес жыл болатын қалыптасқан дәстүр бойынша өткізілетін көрмелерге қатысты да рұқсат берілуі мүмкін.

Сол бір елде түрлі сипаттағы екі арнайы көрме арасындағы уақыт аралығы кемінде үш айды құрауға тиіс.

Осы бапта айтылған мерзімдер көрме ашылған күннен бастап есептеледі.

5-бап.

Аумағында көрме жүргізілетін Уағдаласушы ел осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес төмендегі 8-бапты сақтай отырып, басқа елдерге:

Егер, бірінші санаттағы жалпыға ортақ көрмелерге қатысты үш жыл бұрын;

Екінші санаттағы жалпыға ортақ көрмелерге қатысты екі жыл бұрын;

Жалпыға ортақ көрмелерге қатысты бір жыл бұрын дипломатиялық жолмен

Ешбір Үкімет, егер жоғарыда көрсетілген шақыру жіберілмесе, халықаралық көрмені өткізе алмайды немесе оған қатысуда қамқорлық жасай алмайды.

6-бап.

Егер бірнеше ел халықаралық көрмені өткізу құқығы үшін өзара бір-бірімен жарысса, олар артықшылық берілетін елді айқындау мақсатында пікір алмасуға тиіс б о л а д ы .

Егер келісімге қол жеткізілмесе, тараптар Халықаралық Бюроға дауды шешу өтінішімен жүгінеді, ол ұсынылған дәлелдерді, сондай-ақ, атап айтқанда, тарихи немесе моральдық сипаттағы ерекше себептерді, соңғы көрмені өткізу уақытынан өткен мерзім мен жарысып отырған елдер ұйымдастырған көрмелер санын есепке алатын болады.

7-бап.

Егер 1-бапта айқындалған, экспозициялар үшін белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрме осы Конвенцияға қатыспайтын елде ұйымдастырылса, онда Уағдаласушы елдер, осы көрмеге шақыруды қабылдас бұрын Халықаралық Бюроның пікірін сұрауға тиіс .

Егер жоспарланып отырған көрме осы Конвенцияда талап етілетіндей кепілдіктерді немесе кем дегенде жеткілікті кепілдіктер бермесе, олар осы көрмеге қосылмайды. Уағдаласушы елдердің бірі ұйымдастыратын көрме мен уағдаласушы ел ұйымдастырмайтын көрме өткізу мерзімдері сай келген жағдайда басқа Уағдаласушы елдер, егер ерекше мән-жайлар болмаса, біріншіні таңдауға тиіс.

8-бап.

Осы Конвенцияның қолданыс саласына кіретін көрмені ұйымдастыруға ниеттенетін елдер Халықаралық Бюроға осы көрмені тіркеуге өтінімді 5-бапта белгіленген шақыру мерзімінен кем дегенде алты ай бұрын жіберуге тиіс. Осы өтінімде көрменің атауы мен оның ұзақтығы болуға тиіс; оған көрменің жіктелуін, жалпы регламентін, қазылар алқасы туралы ережені және адамдар мен құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өнеркәсіп және көркемөнер меншігін қорғау үшін және IV және V бөлімдерінде белгіленген міндеттемелерді сақтау үшін көзделген шараларды көрсететін барлық құжаттарды қоса тіркеу қажет. Егер көрме осы Конвенцияның талаптарына жауап берсе ғана, Бюро тіркеуге келісімін береді.

Уағдаласушы елдердің ешқайсысы, егер осы Конвенцияда көзделген көрмеге қатысуға шақыруда бұл тіркеудің болмағаны айтылса, сол шақыруды қабылдамауға т и і с .

Дегенмен, осы шақыруды алған Уағдаласушы елдер осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес ұйымдастырылған көрмеге қатыспау туралы шешімді қабылдаудың толық бостандығын сақтайды.

9-бап.

Егер қандай да бір ел өзі жоспарлаған және тіркелген көрмені ұйымдастырудан бас тартқан жағдайда, бұл ел басқа елдермен қатар кезекті көрмені өткізу құқығының конкурсына қайтадан жіберілуі мүмкін күнді Халықаралық Бюро белгілейтін болады.

III БӨЛІМ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕЛЕР БЮРОСЫ. 10-бап.

Конвенцияның ережелерін орындауды бақылау міндеті жүктелетін Халықаралық Көрмелер Бюросы құрылады. Бюроның құрамына Әкімшілік Кеңес кіреді, оның жанында Біліктілік Комиссиясы және тағайындалуы мен міндеттері келесі бапта жазылған ережелерде белгіленген директор болады.

Халықаралық Бюроның Әкімшілік Кеңесінің бірінші отырысын Француз Республикасының Үкіметі Парижде Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі жыл ішінде шақыратын болады. Осы отырыста Кеңес Халықаралық Бюроның штаб-пәтерін белгілеп, директорды сайлайды.

11-бап.

Әкімшілік Кеңес Уағдаласушы елдер әрбір елден біреуден үшке дейінгі есеппен тағайындайтын мүшелерден тұрады. Оған өзінің құрамына Халықаралық Сауда Палатасы тағайындайтын сол Палатаның екі немесе үш мүшесін кеңесші дауыс құқығымен бірге қабылдауға рұқсат беріледі.

Кеңес осы Конвенцияға орай өзінің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдер шығарады; ол ұйымдастыруға және Халықаралық Бюроның ішкі қызметіне қатысты ережелер қабылдайды. Ол табыс және шығыс бюджетін бекітеді, бюджеттің атқарылуын тексереді және бекітеді.

12-бап.

Делегаттарының санына қарамастан, әрбір елдің Кеңесте бір дауысы бар. Әрбір ел өзінің өкілдігін басқа елдің делегациясына беруі мүмкін, ол бұл жағдайда өзі ұсынған елдер санына тең дауыстар санына ие болады. Талқылаулардың шындығы үшін Кеңесте ұсынылған елдердің үштен екі кворумы қажет.

- Дауыс беру мынадай жағдайларды:
1. Регламенттің әзірленуін;
 2. Бюджеттің артуын;

3. Уағдаласушы ел берген өтініштен бас тартуды немесе оның бірқатар ел жарысқан жағдайда қабылдануын;

4. Алты айдан артық мерзімге жалпыға ортақ көрмені жүргізуге рұқсатты қоспағанда, дауыстардың абсолюттік көпшілігімен жүргізіледі.

Осы төрт жағдайда Халықаралық Бюрода ұсынылған елдердің үштен екі көпшілігі қажет.

13-бап.

Біліктілік Комиссиясы өздерінің Үкіметтері тағайындайтын он екі Уағдаласушы елдің өкілінен тұрады.

Осы елдердің жартысын Халықаралық Бюро тағайындайды; екінші жартысы Бюроның регламенті белгілеген талаптармен ауыстырылады.

Комиссия өзінің құрамына Халықаралық Сауда Палатасы тағайындайтын сол Палатаның екі немесе үш мүшесін кеңесші дауысымен бірге қабылдауы мүмкін.

Бұл Комиссия Әкімшілік Кеңестің бекітуіне 2-бапта көзделген жіктелімді және оған енгізілуі мүмкін өзгерістерді ұсынады. 4-бапта көзделген мерзімдерді сақтау үшін ол тіркеуге жататын көрме арнайы немесе жалпыға ортақ болып табылады ма және өзінің атауы мен жіктеліміне қарамастан, алдыңғы көрмеге немесе сол уақытта ұйымдастырылатын арнайы көрмеге ұқсас сипаты бар ма екені туралы мәселе бойынша қорытындысын береді.

14-бап

Бюроның бюджеті уақытша 4 000 фунт стерлинг болып белгіленеді. Бюро қызметінің шығындарын Уағдаласушы елдер көтереді, олардың жарналары мынадай түрде бөлінеді: Ұлттар Лигасына мүше елдердің үлесі осы елдер жүргізетін Ұлттар Лигасына жарнаға тең айқындалады. Бюджетті арттырудың жоғарыда көзделген жағдайды қоспағанда, салық салынуы неғұрлым жоғары елдердің үлесі 500 фунт стерлингтен аспайды. Ұлттар Лигасының мүшелері болып табылмайтын елдер өздерінің экономикалық дамуын ескере отырып Ұлттар Лигасына мүше елді көрсетеді және олардың жарнасы сондай тәртіппен көрсетілген ел төлейтін жарнаға тең болады.

Одан басқа Әкімшілік Кеңес ұжымдық немесе жеке тұлғалар көрсеткен қызметтерді төлеу үшін кез келген басқа алымдарды алуға рұқсат беруі мүмкін.

IV БӨЛІМ ШАҚЫРУШЫ ЕЛ МЕН ҚАТЫСУШЫ ЕЛДЕРДІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ 15-бап

Халықаралық көрмеге шақыратын Үкімет өзінің атынан өкілдік ету және шетелдік қатысушыларға қатысты өзіне алынған міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру

міндеті жүктелетін Үкіметтік Комиссарды немесе Делегатты тағайындауға тиіс. Бұдан басқа, Комиссар немесе Делегат көрсетуге қойылған заттардың материалдық сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

16-бап

Қатысушы елдердің Үкіметтері өздерінің атынан өкілдік ету және көрмені өткізуге байланысты шығарылған ережелердің орындалуын бақылау үшін Комиссарларды немесе Делегаттарды тағайындауға тиіс.

Тек Комиссарларға немесе Делегаттарға өз елдерінің павильондарындағы және ұлттық секциялардағы экспонаттар арасындағы орындарды беруге немесе бөлуге басшылық ету тапсырылады.

17-бап

Жалпыға ортақ көрмеде әкімшілік көрменің бағдарламасында көзделген және әрбір қатысушы елге берілген жабық немесе ашық орындар үшін ешбір алым алмайды.

18-бап

Осы Конвенцияны қолдану саласына кіретін әрбір көрмеде кеден баждары мен алымдар төлеуге жататын шетелдік заттар оларды әкету талабымен кеден баждарын салусыз уақытша жіберіледі. Тауарларға қоса берілетін жіберушінің куәлігінде орындар саны мен сипаты, маркалауы мен нөмірлері, сондай-ақ заттардың сауда атауы, олардың салмағы, шығарылған жері мен құны көрсетіледі. Заттарға қатысты кедендік формальдылықтар шекарада кедендік қарап тексеру жүргізусіз көрме үй-жайларында жүргізіледі. Алдыңғы ережелер көрмені ұйымдастыратын елдің кедендік қағидалары сақталған жағдайда қолданылады.

Егер шақырушы елдің ұлттық заңнамасына сәйкес алдыңғы абзацта көзделген кеден баждарынан уақытша босатуды алу үшін кепілді енгізу қажеттігі туындаса, әрбір қатысушы елдің Комиссары өзінің экспоненттері үшін берген кепілгерлігі, егер көрме жабылғаннан кейін белгіленген мерзімде ұсынылған заттар әкетілмесе, олар салынуға жататын кеден баждары мен өзге баждардың және салықтардың төленуіне жеткілікті кепілдік деп қаралады.

Тікелей мағынада үлгілер болып табылмайтын және көрме уақытында сату мақсатында ғана әкелінетін тауарлар партиясына баждардан уақытша босату қолданылмайды.

Ұсынылған заттар толық немесе ішінара жойылған жағдайда экспонент:

1. Егер ол жоқ заттар немесе зақымданған заттар көрменің мұқтажы үшін пайдаланылғанын немесе өзінің тез бұзылатын құрамы себебі бойынша сатылуы

мүмкін емес екенін дәлелдесе; және

2. Егер кедендік тарифте бүлінген немесе қолдануға жарамсыз заттарға ешбір әкелу алымдары немесе баждары салынбаса, баждардан босату құқығын пайдаланады.

Егер бұл заттар әдеттегідей арналған мақсаты бойынша тұтыну үшін пайдаланылса, бұл жеңілдік берілмейтін болады.

4-абзацта көзделген дәлелдемелерді экспонент тиесілі елдің Комиссары немесе Делегаты ұсынады; соңғы шешімді көрме өткізілетін елдің Әкімшілігіне тиесілі болады.

Алдыңғы ережелерді қолдану мағынасында көрмеге арналған заттар ретінде:

1. Егер көрме өткізілетін елге келгеннен кейін өңдеуге арналған шикізат түрінде әкелінсе де, құрылыс материалдары;

2. Көрменің жұмыстарына арналған құралдар, тасымал материалы;

3. Үй-жайларды, экспоненттердің стендтері мен витриналарын ішкі және сыртқы безендіруге қолданатын заттар;

4. Қатысушы елдердің комиссарлары немесе делегаттарына арналған үй-жайларды безендіру мен жиһаздау үшін қолданылатын заттар, сондай-ақ олардың пайдаланылуына арналған кеңсе керек-жарақтары;

5. Ұсынылған машиналарды немесе аппараттарды орнатуға және олардың жұмысына арналған заттар мен бұйымдар;

6. Секция Комиссары тұтынылған заттардың сипаты мен санын көрсететін куәлікті ұсынған жағдайда ұсынылған заттарды бағалау мен олар туралы пікір айту үшін қазылар алқасына қажетті үлгілер қаралуға тиіс.

Одан басқа баждарды мыналар:

1. Иллюстрацияланған немесе иллюстрацияланбаған, көрмеге қатысатын елдер шығарған ресми каталогтар, брошюралар, афишалар;

2. Әкелінген экспонаттардың экспоненттері көрме аумағында ғана және көрмені өткізу уақытында ғана тегін тарататын каталогтар, брошюралар, афишалар және басқа да иллюстрацияланған немесе иллюстрацияланбаған басылымдар босатылады.

Осы баптың ережелері ұйымдастырушы елде қолданылатын заңнаманың күшіне орай мемлекеттік монополия болып табылатын немесе осы елдің Үкіметі ұйғарған талаптармен сатуды қоспағанда, сатылуына тыйым салынатын немесе сатылуы лицензиялармен реттелетін заттарға қолданылмайды. Дегенмен осы тауарларды көрсету үшін қоюға сатылуына тыйым салу мақсаты бар бақылау шараларын сақтау кезінде рұқсат етіледі.

19-бап

Кез келген халықаралық көрмені өткізуді реттейтін ереже экспонентке, егер көрмеге қатысуға шақыру қағазын алғаннан кейін экспоненттің тауарларына

баждардың көтерілуі орын алған жағдайда, оған қатысу өтінімін кері қайтарып алу құқығын беретін тармақ қамтуы тиіс.

20-бап

Көрме аяқталғаннан кейін экспоненттің, егер көрме өткізілген елдің заңнамасы бұған кедергі келтірмесе, көрмеге қойылған үлгілерді сатуына немесе беруіне болады. Бұл жағдайда оған тікелей әкелу жағдайында төлеуге тиіс болған алымдардан басқа, ешқандай басқа алым салынбайды.

21-бап

Халықаралық көрмеде сол елдің Комиссарының немесе Делегатының рұқсатынсыз қандай да бір топты немесе мекемені белгілеу үшін қатысатын елге қатысты географиялық атауды пайдалануға болмайды.

Егер Уағдаласушы елдер көрмеге қатыспаса, мұндай тыйымды мүдделі Үкіметтердің талабы бойынша Көрме әкімшілігі шығарады.

22-бап

Көрмеде 15 және 16-баптарға сәйкес ұйымдастырушы елдің немесе қатысушы елдің Үкіметі тағайындаған Комиссардың немесе Делегаттың бастамасымен қалыптастырылған секциялар ғана ұлттық деп қарастырылады, демек, осы атаумен көрсетілуі мүмкін.

23-бап

Елдің ұлттық секциясы тек сол елге тиесілі заттарды қамтуы мүмкін.

Соған қарамастан, мүдделі елдің Комиссарының немесе Делегатының рұқсатымен оған сол зат жабдықты толықтыру үшін арналған және басты зат бойынша наградаға ұсынуға ықпал етпейтін, сондай-ақ өзіне сол себептен ешбір награда берілмейтін жағдайда, басқа елге тиесілі зат қойылуы мүмкін.

Қандай да бір елдің өнеркәсібіне және ауыл шаруашылығына жататын заттар деп оның қойнауынан алынған және соның аумағында жиналған немесе жасалған заттар есептеледі.

24-бап

Көрмеде, егер ұйымдастырушы елдің заңнамасында өзге ережелер болмаса ғана, қандай да бір сипаттағы монополия берілмеуге тиіс. Алайда Көрме әкімшілігі, егер қажет деп есептесе, мынадай: көрме шегінде жарықтандыру, жылу беру, кедендік

формальдылықтар, тиеу-түсіру қызметтері және жарнама қызметтеріне монополия бере алады. Мұндай жағдайда ол мына талаптарды:

1. Көрме өткізуді реттейтін ережеде және экспонент қол қоюға тиіс қатысу туралы өтінімде сол монополиялардың болуын көрсетуді;
2. экспоненттерге әдетте елде қолданылатын жағдайларда монополиялық қызметтерді пайдалануды қамтамасыз етуді;
3. Ешбір мән-жайларда Комиссарлардың тиісті секцияларындағы өкілеттіктерін шектемеуді орындауға тиіс.

Ұйымдастырушы елдің Комиссары қатысушы елдерге қойылатын жұмыс күшіне тарифтік мөлшерлемелер ұйымдастырушы елдің Әкімшілігі қоятын мөлшерлемелерден аспауы үшін барлық шараларды қолданады.

25-бап

Халықаралық көрме өткізілетін әрбір ел өзінің темір жол, теңізде жүзу немесе авиациялық басқармаларынан, компанияларынан және кәсіпорындарынан осы көрме үшін арналған заттарды тасымалдау бойынша жеңілдіктерді алу үшін өз жәрдемін көрсететін болады.

26-бап

Әрбір ел өз заңнамасына сәйкес жалған көрмелердің немесе жалған уәделер, хабарландырулар немесе жарнамалар арқылы қатысушылар алданып тартылған көрмелердің бастамашыларына қарсы іс-қимыл жасау үшін анағұрлым орынды көрінетін барлық шараларды қолданады.

V БӨЛІМ НАГРАДАЛАР 27-бап

Көрме туралы жалпы ережеде әрқашан берілуі мүмкін қатысу туралы куәліктеріне қарамастан, экспоненттерге наградалар тағайындалатынын не тағайындалмайтынын көрсету керек. Наградалар көзделетін жағдайларда оларды тағайындау кейбір разрядтармен шектелуі мүмкін.

Көрме ашылғанға дейін оған не секцияларда, не өздерінің ұлттық павильондарында қатысушы және наградаға ұсынылғысы келмеген экспоненттер бұл туралы көрме әкімшілігін өз Комиссарларының немесе Делегаттарының делдалдығы арқылы мәлімдеуге тиіс.

Қазылар алқасы мүшелерінің ешбір мән-жайларда наградаға ұсынылуға құқығы жоқ.

28-бап

Көрмеге қатысу не еркін, не алдын ала рұқсатты талап етуі мүмкін.

Экспонент қатысуға өтінімді тағайындалған уақытта берген және осыған қатысу үшін белгіленген жалпы талаптарды орындаған жағдайда, егер барлық заттарды көрмеге қоюға рұқсат берілсе, қатысу еркін болып табылады.

Егер жалпы көрме туралы ереже бойынша қойылатын заттар сапалылық немесе түпнұсқалық сияқты кейбір ерекше талаптарды қанағаттандыруы тиіс болса, қатысу алдын ала рұқсатты талап етеді.

Бұл жағдайда ереже шақырылған елдерге оған сілтеме жасауға мүмкіндік беру үшін өзінің ұлттық секциясына заттарға рұқсат алу үшін ұйымдастырушы ел қабылдаған шарттармен таныстыруы тиіс, әрі әрбір елдің бұл шарттарды өз қалауы бойынша қолдануға құқығы бар.

29-бап

Қойылған заттарды бағалау және олар туралы пайымдауды төмендегі қағидаларға сәйкес шақырылатын халықаралық қазылар алқасы шығарады:

1. Әрбір ел қазылар алқасына көрмеде қызметкерлері мен жәрдемдесуші адамдарын, сондай-ақ иеленген аумағын санамай, ең бастысы, экспоненттердің санын ескере отырып, өзінің қатысуына тең ұсынылуы тиіс.

Көрме әкімшілігі және мүдделі елдің Комиссары немесе Делегаты өкілдік ету оның сол разрядта қатысу маңыздылығының ақталмайтынын мойындаумен келіскен жағдайды қоспағанда, әрбір елдің, ең болмағанда, оның экспонаттары қойылған барлық разрядтарында бір қазы алқасының болуына құқығы бар.

Ешбір елдің бір және сол ғана разрядта қазылар алқасының мүшесі жетеуден көп болуы мүмкін емес; алайда бұл шектеу сұйық және қатты тамақ заттарының разрядына қолданылмайды;

2. Қазылар алқасы мүшесінің функциялары қажетті техникалық білімі бар адамдарға беріледі;

3. Қазылар мүшелері өз міндеттерін Үкіметтің келісімімен ғана орындай алады;

4. Қазылар юрисдикцияның немесе инстанцияның үш деңгейіне ие.

30-бап

Наградалар бес санатқа бөлінеді:

1. Гран-при;
2. Құрмет дипломдары;
3. Алтын медальдар;
4. Күміс медальдар;
5. Қола медальдар.

Одан басқа, наградталған экспоненттердің немесе қазылар мүшесінің ұсынысы

бойынша олардың қызметкерлеріне немесе әріптестеріне дипломдар берілуі мүмкін.

Қазылар мүшесі атағын оның иеленушісі экспоненттерге өз наградалары туралы айтуға рұқсат берілген барлық жағдайларда айта алады.

«Конкурстан тыс» анықтамасы бұдан былай қазылар мүшелеріне де, наградаға ұсынылуға ниет білдірмеген экспоненттер үшін де тыйым салынған.

31-бап

Көрмеде наградталған экспоненттердің тізімі Халықаралық Бюрода тіркеледі. Наградталғандар көрменің нақты атауынан кейін награданың аты көрсетілген жағдайда алынған наградаларға сілтеме жасай алады. Олардың бұл атауға Халықаралық Бюроның монограммасын қосуға құқығы болады. Көрменің Халықаралық Бюросы Берндегі Өнеркәсіптік меншік Халықаралық Бюросына тіркелген көрмелер туралы хабарлайды және оған наградталғандардың тізімін жібереді.

32-бап

Халықаралық Бюроның өкімімен қазылар алқасының құрамы және оның қызметінің жалпы шарттарын белгілейтін және наградаларды беру тәртібін айқындайтын типтік ережелер жасалады. Ұйымдастырушы елдерге осындай ережелерді қабылдау ұсынылады.

VI БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР 33-бап

Осы Конвенция ратификацияланады.

a. Әрбір мемлекет ратификациялық грамоталарды тапсыруға дайын болған кезде ол туралы Француз Үкіметін хабардар етеді. Жеті Үкімет осы тапсыруды жүзеге асыруға өзінің дайын екендігі туралы жариялаған кезде Француз Үкіметі соңғы өтінішті алған және Үкімет белгілеген күннен кейінгі ай ішінде жасалады.

b. Ратификациялық грамоталар Француз Үкіметінің мұрағатына сақтауға тапсырылады.

c. Ратификациялық грамоталарды сақтауға тапсыру оған қатысушы елдердің және Француз Республикасының Сыртқы істер министрлігінің өкілдері қол қойған хаттамамен расталады.

d. Осы баптың a) тармақшасында жазылған шарттар бойынша ратификациялық грамоталарды сақтауға тапсыруға мүмкіндігі болмаған қол қоюшы елдердің Үкіметтері бұл тапсыруды Француз Республикасының Үкіметінің атына берілген және ратификациялық грамотамен бірге жүретін жазбаша өтініш арқылы кейінірек жүзеге асыра алады.

e. Ратификациялық грамоталарды бірінші тапсыру туралы хаттаманың және

алдыңғы абзацта айтылған өтініштердің куәландырылған көшірмелерін Француз Үкіметі және дипломатиялық жолмен осы Конвенцияға қол қойған немесе оған қосылған Үкіметтерге дереу беріледі. Алдыңғы абзацта көзделген жағдайда Француз Үкіметі өзі өтінішті алған күні туралы бір уақытта хабардар етеді.

34-бап

a. Осы Конвенция Уағдаласушы елдердің метрополиясында ғана толық шамада қ о л д а н ы л а д ы .

b. Егер қандай да бір ел оның қолданысын өз колонияларына, протектораттарына, теңіздің ар жағындағы аумақтарына және сюзерениттегі немесе мандаттағы аумақтарына қолдануға ниет білдірсе, онда бұл ниет ратификациялық грамотада немесе Француз Үкіметінің мұрағатына сақтауға тапсырылатын сол Үкіметтің атына берілген ж а з б а ш а ө т і н і ш т е к ө р с е т і л у і т и і с .

Бұл жағдайда Француз Үкіметі қол қойған немесе қосылған елдердің Үкіметтеріне оны алған күнін көрсете отырып, өтініштің куәландырылған көшірмесін береді;

c. Метрополиялардың және колониялардың, протектораттардың, теңіздің ар жағындағы аумақтардың, сюзерениттегі немесе мандаттағы аумақтардың заттары ғана қойылатын көрмелер ұлттық көрмелер деп қарастырылады және соның салдарынан осы Конвенция сол аумақтарға қолданылатынына қарамастан, осы Конвенцияның қолданыс аясына кірмейді.

35-бап

a. Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін кез келген қол қоймаған ел оған кез келген у а қ ы т т а қ о с ы л а а л а д ы .

b. Осы мақсатта ол жазбаша нысанда және дипломатиялық жолмен Француз Үкіметінің мұрағатына сақтауға тапсырылатын өзінің қосылуы туралы өтінішті сол Ү к і м е т к е ж і б е р у г е т и і с .

c. Француз Үкіметі қол қойған немесе қосылған елдердің Үкіметтеріне өтінішті алған күнін көрсетіп, оның куәландырылған көшірмесін дереу береді.

36-бап

Осы Конвенция ратификациялық грамоталарды сақтауға бірінші тапсыруға қатысқан Уағдаласушы елдер үшін хаттама жасалған күннен бастап бір ай өткен соң күшіне енеді. Оны ратификациялаған және оған кейіннен қосылған елдер үшін, сондай-ақ ратификациялық грамоталарда айтылмаған колониялар, протектораттар,

теңіз ар жағындағы аумақтар, сюзерениттегі немесе мандаттағы аумақтар үшін Конвенция 33-баптың d) абзацында; 34-баптың b) абзацында; 35-баптың b) абзацында көзделген өтініштерді алған күннен кейін бір ай өткен соң күшіне енеді.

37-бап

Уағдаласушы елдер осы Конвенцияның күшіне енген күнінен бастап бесжылдық мерзім өтпестен бұрын одан бас тарта алады.

Бұзу кез келген сәтте Француз Республикасы Үкіметінің атына берілген өтініш арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Ол осы өтінішті алған күннен бастап бір жылдан кейін күшіне енеді. Өтінішті алған күнін көрсете отырып, оның куәландырылған көшірмесін Француз Республикасының Үкіметі қол қойған және қосылған елдердің Үкіметтеріне дереу береді.

Осы баптың ережелері колонияларға, протектораттарға, теңіз ар жағындағы аумақтарға, сюзерениттегі немесе мандаттағы аумақтарға теңдей қолданылады.

38-бап

Егер бұзу салдарынан Уағдаласушы елдердің саны жетіден аз болса, Француз Республикасының Үкіметі қабылдануы тиіс шаралар туралы уағдаласу үшін Халықаралық Конференцияны дереу шақырады.

39-бап

Француз Республикасының Үкіметі барлық ратификациялық грамоталардың, қосылу және бұзу туралы өтініштердің көшірмелерін теңдей Халықаралық Бюроға жібереді.

40-бап

Осы Конвенцияға Парижде 1929 жылғы 30 сәуірге дейін қол қойылуы мүмкін.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН төменде қол қойған Уәкілетті адамдар осы Конвенцияға қол қойды.

ПАРИЖДЕ, мың тоғыз жүз жиырма сегізінші жылғы жиырма екінші қарашада, Француз Республикасы Үкіметінің мұрағатында сақталатын бір данада жасалды және оның куәландырылған көшірмелері Парижде конференцияға қатысқан барлық елдердің Үкіметтеріне дипломатиялық жолмен тапсырылады.

А л б а н и я ү ш і н :

Д-р Ставро Ставри

Германия үшін:
Д - р Петер Матис
Эмиль Виль

Д-р Ганс Гейман

Аустралия:

Ф.Ц. Фарекер

Аустрия:

Грюнбергер

Бельгия үшін:

Э. де Геффье
Боливия үшін:

Бразилия үшін:

Ф. Гимарес

Канада үшін:

Филипп Рой

Колумбия үшін:

Хозеде ла Вега

Куба үшін:

Хернандец Портела

Дания үшін:

Х. А. Бернхофт

Доминикан Республикасы үшін:

Д-р Т. Франко Франко
Экватор үшін:

Испания үшін:

Карлос де Гойонехе
Финляндия үшін:

Франция үшін:

П. Шапсаль

Шармей

Р. Кулондр

Ж. Лесуфаш

Ж. Роже Сандос

Барон Тенар

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия үшін:

Э. Кроу

Ж. Р. Кэиль

Г.У.Г.Коль

Н.Политис	Г р е к и я	ү ш і н :
Хозе Матос	Г в а т е м а л а	ү ш і н :
Немур	Г а и т и	ү ш і н :
Фредерик Виллани	В е н г р и я	ү ш і н :
Ирландия Еркін мемлекеті үшін:	И т а л и я	ү ш і н :
Джиованни Белли	Ж а п о н и я	ү ш і н :
Х.Каваи	М а р о к к о	ү ш і н :
Ж.Насиве		
Никарагуа үшін:		
Жаңа Зеландия үшін:	Н и д е р л а н д	ү ш і н :
Э.Крелаг	П е р у	ү ш і н :
М.Х.Корнехо	П о л ь ш а	ү ш і н :
Отгон Вецлавович	П о р т у г а л и я	ү ш і н :
А.да Гама Ошоа	Р у м ы н и я	ү ш і н :
Константин Диаманди		
Сербтер, Хорваттар мен Словендер	К о р о л ь д і г і	ү ш і н :
Миливой Пилья		
	Ш в е ц и я	ү ш і н :
Риксдаг мақұлдауымен Королінің Е.В. ратификациялауы туралы		
	е с к е р т п е м е н .	
	А л ь б е р т	Э р е н с в о р д
	И о з е ф	З а к с
С.Берьюс	Ш в е й ц а р и я	ү ш і н :
	Д ю н а н	
Густав Брандт	Д - р	М . Ж . Л и е н е р

Чехословакия үшін:

Т у н и с ү ш і н :

Г.Жоффруа-Сент-Илер

Турция үшін:

Кеңестік Социалистік Республикалардың Одағы үшін:

И . Т у м а н о в

Г . Л а ш к е в и ч

М.Рафалов

Венесуэла үшін:

КУӘЛАНДЫРЫЛҒАН КӨШІРМЕ ТҮПНҰСҚАМЕН САЛЫСТЫРЫЛДЫ
Ф Р А Н Ц У З Р Е С П У Б Л И К А С Ы
С Ы Р Т Қ Ы І С Т Е Р М И Н И С Т Р Л І Г І Н І Œ
М Ұ Р А Ғ А Т Т А Р Ы Н Д А С А Қ Т А Л А Д Ы

Париж, 2013 жылғы 23 желтоқсан

1928 жылғы 22 қарашада Париж қаласында жасалған Халықаралық көрмелер туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА

Төменде қол қойған, төменде аталған Үкіметтердің соған тиісінше уәкілеттік берілген тұлғалар 1948 жылғы 10 мамырда Парижде Конференцияда жиналып, ортақ келісім мен ратификациялау шартымен төмендегілер туралы уағдаласты:

1 - Б А П

1928 жылғы 22 қарашадағы Конвенцияның 2, 3 және 4-баптары жеңілдетілген және мынадай баптармен ауыстырылған:

2-бап: Егер көрме бірнеше өнеркәсіп салаларындағы адам еңбегінің бұйымдарына арналса және ол белгілі бір салада, мысалы, гигиена, қолданбалы өнер, қазіргі заманғы жайлылық, колонияларды дамыту сияқты және т.б. салаларда қол жеткізілген барлық табыстарды көрсету мақсатында ұйымдастырылса, ол жалпыға ортақ болып табылады.

Егер көрме қолданбалы ғылымның қандай да бір саласына (электр, оптика, химия және т.б.), қандай да бір өнеркәсіп саласына (тоқыма, металлургия, графикалық өнер және т.б.), қандай да бір шикізат түріне (қатты және және жұмсақ тері, жібек, никель және т.б.) немесе мұқтаждықтың қандай да бір негізгі түрлерінің біріне (жылыту, тамақтану, көлік және т.б.) арналса, ол арнайы болып табылады; мұндай көрме ұлттық павильондарсыз ұйымдастырылуға тиіс.

10-бапта көзделген Халықаралық Бюро көрмелердің жіктелуін жүргізетін болады, оны алдыңғы абзацқа сәйкес арнайы көрмеге қатысуы мүмкін кәсіптер мен экспонаттарды айқындау үшін басшылыққа алу қажет. Бұл тізбе жыл сайын қайта қ а р а л у ы м ү м к і н .

3-бап. Көрмелердің ұзақтығы

Халықаралық көрмелердің ұзақтығы алты айдан аспауға тиіс. Бұл мерзім көрме тіркелген кезден бастап белгіленеді. Бюро оны пайдалану барысында болған, салдарынан ресми түрде белгіленген күнде көрмені ашу мүмкін емес не көрме өзіне тағайындалған мерзім ішінде қалыпты жұмыс істей алмағаны болған оқиғалар, мысалы, өрт, су тасқыны, әлеуметтік тәртіпсіздік нәтижесінде форс-мажорлық мән-жайлар болған жағдайда ғана ұзартуы мүмкін. Көрмені ұйымдастырушы ел берген көрменің мерзімін ұзарту туралы өтінішті қарау Бюроның құзыретіне кіреді.

Көрменің мерзімін ұзарту көрме жұмыс істемеген кезеңнің ұзақтығына сәйкес болады. Ұзарту туралы бұл рұқсат көрмені ұйымдастырушы ел белгілеген күннен бастап жарамды болады және ешбір мән-жайларда көрмені жабу үшін белгіленген күннен кейін алты айдан аспауға тиіс.

4-бап. Көрмелер жиілігі

Осы Конвенцияның қолданысы саласына кіретін халықаралық көрмелердің жиілігі мынадай қағидаттарға сәйкес белгіленеді:

Жалпыға ортақ көрмелер екі санатқа бөлінеді:

Бірінші санат – шақырылған елдер ұлттық павильондар салуға міндеттенетін жалпыға ортақ көрмелер;

Екінші санат – шақырылған елдер үшін мұндай міндеттеме белгіленбейтін жалпыға ортақ көрмелер.

Халықаралық көрмелерді ұйымдастыруға қатысты бүкіл әлем үш аймаққа бөлінеді, нақты айтқанда: Еуропа аймағы, екі Америка аймағы және үшінші аймақ – әлемнің қалған барлық бөлігі. Аумағы екі аймақта орналасқан елдер өздері тиесілі болуды ниеттенетін аймақты таңдауға тиіс.

Бір елде ұзақтық кезеңі 15 жыл болатын бірінші санаттағы бірден аспайтын жалпыға ортақ көрме ұйымдастырылуы мүмкін, бұл ретте кез келген санаттағы екі жалпыға ортақ көрме арасында 10 жылдық аралық сақталуға тиіс.

Уағдаласушы елдердің ешқайсысы, егер сол аймақта бірінші санаттағы соңғы жалпыға ортақ көрмеден кейін кем дегенде алты жыл немесе кез келген аймақта бірінші санаттағы соңғы жалпыға ортақ көрмеден кейін кем дегенде екі жыл өтпесе, бірінші санаттағы кез келген жалпыға ортақ көрмеге қатыса алмайды. Уағдаласушы елдердің ешқайсысы, егер сол аймақта соңғы жалпыға ортақ көрме кезінен кейін екі жыл және кез келген басқа аймақта бір жыл өтпесе, екінші санаттағы кез келген жалпыға ортақ көрмеге қатыса алмайды. Осы екі уақыт аралығы тиісінше бірдей сипаттағы көрмелер үшін төрт және екі жылға дейін арттырылады.

Алдыңғы параграфта көзделген уақыт аралықтары Конвенцияға мүше елдер көрмелерді ұйымдастыратынына немесе ұйымдастырмайтынына қарамастан қолданылады.

Уағдаласушы елдердің аумақтарында бір уақытта бірден артық бірдей сипаттағы

арнайы көрме ұйымдастырылуы мүмкін емес. Сол елде сондай көрмені қайталау үшін бес жылдық уақыт аралығы міндетті болып табылады. Алайда Халықаралық көрмелер Бюросы ерекше жағдайларда бұл уақыт аралығын, егер көрмелер арасындағы уақыт аралығын мұндай қысқарту сол не өзге өндіріс саласының қарқынды дамуымен ақталған деп есептесе, кемінде үш жылға дейін қысқартуы мүмкін. Көрмелер арасындағы уақыт аралығын осылай қысқартуға бірқатар елде интервалы кемінде бес жыл болатын қалыптасқан дәстүр бойынша өткізілетін көрмелерге қатысты да рұқсат берілуі мүмкін.

Сол бір елде түрлі сипаттағы екі арнайы көрме арасындағы уақыт аралығы кемінде үш айды құрауға тиіс.

Осы бапта айтылған мерзімдер көрме ашылған күннен бастап есептеледі.

2-БАП. – 1928 жылғы 22 қарашадағы Конвенцияның 10-бабы мынадай ережемен толықтырылған:

«Егер директордың лауазымы босатылған жағдайда, Халықаралық көрмелер Бюросының Кеңесі дауыстардың абсолюттік көпшілігімен Конвенцияға қатысушы елдердің бірінің азаматын директор лауазымына таңдайды. Директор ішкі регламентпен айқындалатын мерзімге тағайындалады. Оның жалақысы мөлшерін Бюджеттік Комиссияның ұсынысы бойынша Кеңес белгілейді».

3-БАП. – Кез келген мемлекет өзінің қосылуы туралы өтінішін Француз Республикасының Үкіметіне жазбаша және дипломатиялық жолмен жіберіп осы Хаттамаға қосылуы мүмкін, бұл өтініш оның мұрағаттарына сақтауға тапсырылатын болады.

1928 жылғы 22 қарашадағы Конвенцияға кез келген жаңа қосылу осы Хаттамаға да толық құқықты қосылуға әкеледі.

Француз Үкіметі қол қойған немесе қосылған елдердің Үкіметтеріне, сондай-ақ Халықаралық көрмелер Бюросының Төрағасына алған күнін көрсете отырып, өтініштің куәландырылған көшірмесін дереу береді.

4-БАП. – Осы Хаттама ратификацияланатын болады. Әрбір мемлекет барынша қысқа мерзімде Француз Республикасының Үкіметіне ратификациялық грамотаны жібереді, ол бұл туралы басқа қатысушы елдерге хабарлайды. Осы Хаттама әрбір қатысушы ел үшін өзінің ратификациялық грамотасын берген күні күшіне енеді.

ПАРИЖДЕ ЖАСАЛДЫ, 1948 жылғы 10 мамыр

Франция үшін:

Екі қолтаңба

Албания үшін:

Румыния үшін:

Швеция үшін:

Бір қолтаңба

Бір қолтаңба Тунис үшін:	Ш в е й ц а р и я	ү ш і н :
Бір қолтаңба	М а р о к к о	ү ш і н :
Бір қолтаңба	И т а л и я	ү ш і н :
Бір қолтаңба Чехословакия үшін: Португалия үшін:	Б е л ь г и я	ү ш і н :
Бір қолтаңба Польша үшін:	Д а н и я	ү ш і н :
Екі қолтаңба	Г р е к и я	ү ш і н :
Бір қолтаңба	Н о р в е г и я	ү ш і н :
Бір қолтаңба Аустрия үшін:	Ф и н л я н д и я	ү ш і н :
Бір қолтаңба	Л и в а н	ү ш і н :
Бір қолтаңба	Г а и т и	ү ш і н :
Бір қолтаңба	П о р т у г а л и я	ү ш і н :
Бір қолтаңба	Ұ л ы б р и т а н и я	ү ш і н :
Бір қолтаңба		

КУӘЛАНДЫРЫЛҒАН КӨШІРМЕ ТҮПНҰСҚАМЕН САЛЫСТЫРЫЛДЫ
 ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫ
 СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
 МҰРАҒАТТАРЫНДА САҚТАЛАДЫ
 Париж, 2013 жылғы 23 желтоқсан

**1928 ЖЫЛҒЫ 22 ҚАРАШАДА ПАРИЖ ҚАЛАСЫНДА ЖАСАЛҒАН
 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕЛЕР ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯНЫҢ
 IV БАБЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ХАТТАМА 1928 ЖЫЛҒЫ 22
 қарашада Париж қаласында жасалған**

Халықаралық көрмелер туралы конвенцияның IV-бабына өзгерістер енгізу туралы хаттама

Осы Хаттамаға қатысушылардың Үкіметтері,
1948 жылғы 10 мамырдағы Хаттамамен толықтырылған 1928 жылғы 22 қарашадағы
Халықаралық көрмелер туралы конвенцияда (бұдан әрі – «Конвенция») белгіленген екі
жалпыға ортақ көрме арасындағы ең аз уақыт аралығы өте қысқа деп бағаланғанын
ескере отырып, үлкен шығын мен осы көрмеге қатысуда болатын күрделі техникалық
дайындықты ескере отырып;

Осы Конвенцияның қолданыс саласына кіретін жалпыға ортақ көрмелер өткізудің
жиілілігін мүмкіндігінше қысқартуға ниет білдіре отырып,
Мыналар туралы уағдаласты:

1-БАП

Статья 4 Конвенции упрощена и заменена статьей 4 в следующей редакции:
Конвенцияның 4-бабы жеңілдетілген және мынадай редакциядағы 4-баппен
ауыстырылған:

КӨРМЕЛЕРДІ ӨТКІЗУ ЖИІЛІГІ

Осы Конвенцияның мәні болатын халықаралық көрмелердің жиілілігі мынадай
қағидаттарға сәйкес белгіленеді:

1) Жалпыға ортақ көрмелер екі санатқа бөлінеді:

Бірінші санат: шақырылған елдер ұлттық павильондар салуға міндеттенетін
жалпыға ортақ көрмелер;

Екінші санат: шақырылған елдерге ұлттық павильондар салуға рұқсат етілмейтін
жалпыға ортақ көрмелер.

2) Бір елде ұзақтық кезеңі 15 жыл болатын бірінші санаттағы бірден аспайтын
жалпыға ортақ көрме ұйымдастырылуы мүмкін, бұл ретте бірінші немесе екінші
санаттағы екі жалпыға ортақ көрме арасында 10 жылдық аралық сақталуға тиіс.

3): Егер әртүрлі елдерде ұйымдастырылған жалпыға ортақ көрмелер туралы сөз
етілсе, осы көрмелер арасындағы уақыт интервалы:

a) бірінші санаттағы жалпыға ортақ көрме өткізілген жағдайда алты жылды;

b) екінші санаттағы және ұқсас сипаттағы жалпыға ортақ көрме өткізілген жағдайда
төрт жылды;

c) өзге сипаттағы екінші санаттағы жалпыға ортақ көрме өткізілген жағдайда екі
жылды;

d) бірінші және екінші санаттағы жалпыға ортақ көрме өткізілген жағдайда екі
жылды құрауға тиіс.

4) Алдыңғы параграфтарда көзделген уақыт аралықтары Конвенцияға мүше елдер

көрмелерді ұйымдастыратынына немесе ұйымдастырмайтынына қарамастан барлық жалпыға ортақ көрмелерге қолданылады.

5) Бірнеше Уағдаласушы елдің аумақтарында бір уақытта бірден артық бірдей сипаттағы арнайы көрме ұйымдастырылуы мүмкін емес. Сол елде сондай көрмені қайталау үшін бес жылдық уақыт аралығы міндетті болып табылады. Алайда Халықаралық көрмелер Бюросы ерекше жағдайларда бұл уақыт аралығын, егер көрмелер арасындағы уақыт аралығын мұндай қысқарту сол не өзге өндіріс саласының қарқынды дамуымен ақталған деп есептесе, кемінде үш жылға дейін қысқартуы мүмкін. Көрмелер арасындағы уақыт аралығын осылай қысқартуға бірқатар елде интервалы кемінде бес жыл болатын қалыптасқан дәстүр бойынша өткізілетін көрмелерге қатысты да рұқсат берілуі мүмкін.

6) Сол бір елде түрлі сипаттағы екі арнайы көрме арасындағы уақыт аралығы кемінде үш айды құрауға тиіс.

7) Осы бапта айтылған мерзімдер көрме ашылған күннен бастап есептеледі.

2-БАП

1) Осы Хаттама Конвенцияға қатысушылардың үкіметтеріне Парижде 1966 жылғы 1 қаңтардан бастап 1966 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде қол қоюға ұсынылатын болады. Бұл үкіметтер осы Хаттамаға:

- a) ратификациялау, қабылдау немесе бекіту тлабынсыз оған қол қойып;
- b) Үкіметіне өзінің барлық конституциялық формальдылықтарының аяқталуы туралы хабарлап;
- c) 1966 жылғы 31 желтоқсаннан кейін оған еніп қосылуы мүмкін.

2) Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу құралдары Француз Республикасының Үкіметтерінің мұрағатына тапсырылатын болады.

3-БАП

Осы Хаттама оған 2-бапта көзделген талаптармен жиырма үкімет қосылған күні күшіне енеді.

4-БАП

1) 1966 жылғы 30 маусымнан бастап және осы Хаттама бұл күнде күшіне енбеген жағдайда да, осы Хаттамаға қол қойған немесе оған қосылған әрбір үкімет Халықаралық көрмелер Бюросына осы Хаттаманың күшіне енуіне орай тіркелуі мүмкін болмаған бірде-бір жалпыға ортақ көрмеге қатыспау ниеті туралы хабарлуы мүмкін.

2) Бюро Конвенцияға барлық қатысушы үкіметтерге жоғарыда жазылған 1-тармаққа орай берілген кез келген өтініш туралы хабарлайды және Конвенцияға мүше

мемлекеттің үкіметі болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, сұрау салуды жіберетін кез келген үкіметке немесе кез келген басқа тұлғаға осы өтінішті жіберген барлық елдердің тізімін ұсынады.

5-БАП

Осы Хаттама күшіне енгеннен кейін Конвенцияға кез келген жаңа қосылу міндетті түрде осы Хаттамаға қосылуға әкеп соғады.

6-БАП

Осы Хаттаманың ережелері көрменің тіркелуіне қолданылмайды, оны ұйымдастыруға өтінімді Бюро 1965 жылғы 17 қарашадағы Директорлар кеңесінің отырысына дейін қабылдады.

7-БАП

1) Француз Республикасының Үкіметі Конвенцияға қатысушы елдердің барлық үкіметтеріне осы Хаттамаға қол қоюдың, оны ратификациялаудың, қабылдаудың немесе бекітудің әрбір жағдайы туралы, сондай-ақ оның күшіне ену күні туралы х а б а р л а й д ы .

2) Осы Хаттама Француз Республикасы Үкіметінің мұрағаттарына тапсырылатын болады, ол куәландырылған көшірмесін әрбір қатысушы үкіметке жіберетін болады.

Осыны куәландыру үшін, төменде қол қойған, тиісті үкіметтер тиісті түрде уәкілеттік берген тұлғалар осы Хаттамаға қол қойды.

Парижде жасалды, 1966 жылғы 16 қараша

Германия Федералдық Республикасының Үкіметі үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у ш а р т ы м е н

Қолтаңба

Аустрия Республикасының Үкіметі үшін

Бельгия Корольдігінің Үкіметі үшін

Қолтаңба

Белорусь Кеңестік Социалистік Республикасының Үкіметі үшін

Қолтаңба 30/12 1966

Болгарии Халық Республикасының Үкіметі үшін

Қолтаңба 14/12 1966

К а н а д а н ы ң Ү к і м е т і ү ш і н

Қолтаңба

Дания Корольдігінің Үкіметі үшін

Қолтаңба

Финляндия	Республикасының	Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у			ш а р т ы м е н
Қолтаңба			
Француз	Республикасының	Үкіметі	үшін
Қолтаңба			
Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен	Корольдігінің	Үкіметі	үшін
Қ о л т а ң б а			
Қолтаңба			
Грекия	Корольдігінің	Үкіметі	үшін
Қолтаңба			
Гаити	Республикасының	Үкіметі	үшін
Қолтаңба			
Венгрия	Халық Республикасының	Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у			ш а р т ы м е н
Қолтаңба 16/12 1966			
Израиль	Мемлекетінің	Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у			ш а р т ы м е н
Қолтаңба 14/12 1966			
Италия Республикасының	Үкіметі үшін		
Ж а п о н и я н ы ң	Үкіметі		үшін
Қолтаңба			
Ливан	Республикасының	Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у			ш а р т ы м е н
Қолтаңба 28/12 1966			
Марокко	Корольдігінің	Үкіметі	үшін
Қолтаңба 16/11 1966			
Монако	Князьдігінің	Үкіметі	үшін
Қолтаңба 15/12 1966			
Нигерия	Федеративтік Республикасының	Үкіметі	үшін
Қолтаңба 30/12 1966			
Норвегия	Корольдігінің	Үкіметі	үшін
Қолтаңба			
Жаңа	Зеландияның	Үкіметі	үшін
Қолтаңба			
Нидерланд	Корольдігінің	Үкіметі үшін	
Польша	Халық Республикасының	Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у			ш а р т ы м е н
Қолтаңба			

Португалия	Республикасының	Үкіметі	үшін
Париж,	1966	12	желтоқсан
Қолтаңба			
Румыния	Социалистік	Республикасының	Үкіметі үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у			ш а р т ы м е н
Қолтаңба			
Швеция	Корольдігінің	Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у			ш а р т ы м е н
Қолтаңба			
Швейцария	Конфедерациясының	Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у			ш а р т ы м е н
Қолтаңба			
Танзания Біріккен Республикасының	Үкіметі үшін		
Чехословакия	Социалистік	Республикасының	Үкіметі үшін
Қолтаңба 30/11 1966			
Тунис	Республикасының	Үкіметі	үшін
Қолтаңба 14/12 1966			
Украина Кеңестік	Социалистік	Республикасының	Үкіметі үшін
Қолтаңба 16/11 1966			
Кеңестік	Социалистік	Республикалар	Одағының Үкіметі үшін
Қолтаңба 16/11 1966			
КУӘЛАНДЫРЫЛҒАН	КӨШІРМЕ	ТҮПНҰСҚАМЕН	САЛЫСТЫРЫЛДЫ
ФРАНЦУЗ			РЕСПУБЛИКАСЫ
СЫРТҚЫ	ІСТЕР		МИНИСТРЛІГІНІҢ
МҰРАҒАТТАРЫНДА			САҚТАЛАДЫ
Париж, 2013 жылғы 23 желтоқсан			

1928 жылғы 22 қарашада Парижде жасалған Халықаралық көрмелер туралы Конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттама

Осы Конвенцияның тараптары,
1928 жылғы 22 қарашада Парижде жасалған Халықаралық көрмелер туралы конвенцияда белгіленген, 1948 жылғы 10 мамырдағы және 1966 жылғы 16 қарашадағы хаттамалармен өзгертілген және толықтырылған қағидалар мен рәсімдер көрмені ұйымдастырушылар үшін де, қатысушы елдер үшін де пайдалы және қажетті болғанын ескере отырып;

Жоғарыда аталған қағидалар мен рәсімдерді қолдануға және осы ережелерді 1928 жылғы Конвенцияны ауыстыруды көздейтін бір құжатқа біріктіруге жауапты Ұйымға

қатысты қағидалармен бірге қазіргі заманғы жағдайларға бейімдеуге ниет білдіре
о т ы р ы п ,

Төмендегілер туралы уағдаласты:

I бап

О с ы Х а т т а м а н ы ң м а қ с а т ы :

- а) халықаралық көрмелерді өткізуге қатысты қағидалар мен рәсімдерге түзету
е н г і з у ;
- б) Халықаралық көрмелер Бюросының жұмысын реттейтін ережелерге түзету енгізу
болып табылады.

Түзету II бап

1928 жылғы Конвенция I бапта көрсетілген мақсаттарға сәйкес осы Хаттамамен
қайтадан өзгертілді. Енгізілген түзетулері бар Конвенция мәтіні осы Хаттаманың
ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшада қамтылған.

III бап

1) Осы Хаттама 1928 жылғы Конвенцияның Тараптары Парижде қол қоюы үшін
1972 жылғы 30 қарашадан бастап 1973 жылғы 30 қараша аралығында ашық және осы
соңғы күннен кейін осы Тараптар қосылу үшін ашық болып қала береді.

2) 1928 жылғы Конвенцияның Тараптары:

- а) ратификациялау, қабылдау немесе бекіту шартынсыз қол қою;
- б) ратификациялау, акцептілеу, бекіту тиіс ратификациялау, акцептілеу, бекіту
ж а ғ д а й ы н д а қ о л қ о ю ;
- в) қосылу арқылы осы Хаттаманың қатысушылары бола алады.

3) Ратификациялау, акцептілеу, бекіту немесе қосылу құралдары Француз
Республикасының Үкіметіне берілуге тиіс.

IV бап

Осы Хаттама III баптың ережелеріне сәйкес 29 ел оның қатысушысы болған күні
күшіне енеді.

V бап

Осы Хаттаманың ережелері Халықаралық көрмелер Бюросы Директорлар кеңесінің
отырысы өткізілетін күннен кешіктірмей және жоғарыда көрсетілген IV бапқа сәйкес

осы Хаттама күшіне енетін күннен тікелей алдында осы отырыс болатын күнді қоса алғандағы күні белгілеген көрмені тіркеуге қолданылмайды.

VI бап

Француз Республикасының Үкіметі қатысушы елдердің Үкіметтерін, сондай-ақ
Халықаралық кәрімелер Бюросын:

- а) III бапқа сәйкес қол қою, ратификациялау, бекіту, акцептілеу және қосылу;
- б) IV бапқа сәйкес осы Хаттаманың күшіне енген күні туралы хабардар етеді.

VII бап

Осы Хаттама күшіне енген кезде Француз Республикасының Үкіметі БҰҰ Жарғысының 102-бабына сәйкес БҰҰ Хатшылығы Хаттаманы тіркеуге өкім етеді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН төменде қол қойғандар тиісті түрде соған уәкілеттік берілген адамдар осы Хаттамаға қол қойды.

1972 жылғы 30 қарашада ПАРИЖДЕ француз тілінде бір данада жасалды, ол 1928 жылғы Конвенцияға барлық қатысушылардың үкіметтеріне оның куәландырылған көшірмелерін жіберетін Француз Республикасы Үкіметінің мұрағатында сақталады.

Германия Федералдық Республикасының Үкіметі үшін
С. Вон Браун

Аустрия Республикасының Үкіметі үшін
Ратификациялау шартымен
Эрик Биелка 28/09/1973

Бельгия Корольдігінің Үкіметі үшін
Ратификациялау шартымен
Р . Р о с ш и л д

Р. Рау
Белорусь Кеңестік Социалистік Республикасының Үкіметі үшін
мандатта және декларацияда айтылған ескертпелермен

В. Анитчук
Бразилия Федеративтік Республикасының Үкіметі үшін

Болгария Халық Республикасының Үкіметі үшін
Е . Р а з л о г о в

қол қою кезінде айтылған ескертпелермен және мәлімдемемен
К а н а д а н ы ң Ү к і м е т і үшін

Клауд Т.Чарланд
Дания Корольдігінің Үкіметі үшін
Ратификациялау шартымен

Пол Ассам

Испанияның			Үкіметі	үшін
Эмили де Мотта				
Америка	Құрама	Штаттарының	Үкіметі	үшін
Ратификациялау				шартымен
Джек Кубич				
Финляндия		Республикасының	Үкіметі	үшін
Ратификациялау				шартымен
Олле Герольд				
Француз		Республикасының	Үкіметі	үшін
Кристиан Домаль				
Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен			Корольдігінің Үкіметі	үшін
Ф. Д. Логан			Седгвик - Джелл	
Грекия Корольдігінің Үкіметі үшін				
Гаити Республикасының Үкіметі үшін				
Венгрия	Халық	Республикасының	Үкіметі	үшін
мандаттарда		қамтылған		ескертпелермен
Лазло Фолдес				
Израиль		Мемлекетінің	Үкіметі	үшін
Ратификациялау				шартымен
Израел Хавив				
Италия		Республикасының	Үкіметі	үшін
Ратификациялау				шартымен
Ф. Малфатти				
Жапонияның Үкіметі үшін				
Ливан Республикасының Үкіметі үшін				
Марокко Корольдігінің Үкіметі үшін				
Монако		Князьдігінің	Үкіметі	үшін
Пьер-Люис Фалайзе				
Нигерия Федеративтік Республикасының Үкіметі үшін				
Норвегия		Корольдігінің	Үкіметі	үшін
Ратификациялау				шартымен
Херслеб Вогт				
Жаңа Зеландияның Үкіметі үшін				
Нидерланд		Корольдігінің	Үкіметі	үшін
Ратификациялау				шартымен
Ж.А де Ранитз				
Польша	Халық	Республикасының	Үкіметі	үшін
Ратификациялау шартымен және 1972 жылғы 30 қарашада вербальды түрде айтылған				

ескертпелермен	(№	Z-II	OME-BIE)
Мичата Каджера			
Португалия	Республикасының	Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у			ш а р т ы м е н
А . Л е н к а с т р е	л а		В е й г а
1973 жылғы 29 қараша			
Румыния	Социалистік Республикасының	Үкіметі	үшін
34-баптың 3 және 4-параграфтарының ережелеріне және 35-баптың декларациясына сәйкес	мандаттарда	көрсетілген	ескертпелермен
С .			Ф л и т а н
1973 жылғы 8 қараша			
Швеция	Корольдігінің	Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у			ш а р т ы м е н
Д. Уинтер			
Швейцария	Конфедерациясының	Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у			ш а р т ы м е н
Макс Троэндл			
Танзания Біріккен Республикасының Үкіметі үшін			
Чехословакия Социалистік Республикасының Үкіметі үшін			
Тунис	Республикасының	Үкіметі	үшін
Абдессалем Бенайед			
Украина Кеңестік Социалистік Республикасының Үкіметі үшін			
Александр Горденко			
Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Үкіметі үшін			
қол қою кезінде айтылған ескертпелермен және декларациямен			
Юрий Борисов			

ҚОСЫМША 1928 ЖЫЛҒЫ 22 ҚАРАШАДА ПАРИЖДЕ ЖАСАЛҒАН ЖӘНЕ 1948 ЖЫЛҒЫ 10 МАМЫРДАҒЫ, 1966 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАРАШАДАҒЫ ЖӘНЕ 1972 ЖЫЛҒЫ 30 ҚАРАШАДАҒЫ ХАТТАМАЛАРМЕН ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗІЛЕТІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕЛЕР ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ І БӨЛІМ Анықтамалар мен мақсаттар 1-бап

- 1) Көрме - бұл оның атауына қарамастан, адамда бар өркениеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру құралдарын пайдалана отырып және адамзат қызметінің бір немесе бірнеше салаларында жетістіктерін немесе болашақ перспективаларын көрсете отырып, негізгі мақсаты жұртшылықты ағарту болып табылатын экспозиция.
- 2) Егер көрмеге бірден көп ел қатысса, ол халықаралық болып есептеледі.
- 3) Халықаралық көрменің қатысушылары бір жағынан, ұлттық секцияларда ресми

түрде қатыстырылған елдердің экспоненттері және екінші жағынан, халықаралық ұйымдар немесе ресми емес түрде қатыстырылған елдердің экспоненттері, сондай-ақ көрме қағидаларына сәйкес өзге қызметті жүргізуге уәкілеттік берілген тұлғалар, атап айтқанда, концессияшылар болып табылады.

2-бап

О с ы К о н в е н ц и я :

- a) ұзақтығы үш аптадан кем болмайтын көрмелерді;
- b) бейнелеу өнерінің көрмелерін;
- c) маңызы жағынан коммерциялық сипаттағы көрмелерді қоспағанда, барлық халықаралық көрмелерге қолданылады.

3-бап

1) Ұйымдастырушысы көрмеге беруі мүмкін атауына қарамастан, осы Конвенцияда жалпыға бірдей көрмелер және мамандандырылған көрмелер ажыратылады.

2) Егер көрмеде осы Конвенцияның 30-бабының 2 (а) параграфындағы сыныптауда көзделген адамзат қызметінің бірқатар салаларында пайдаланылатын құралдар мен жетістіктер немесе күтілетін прогресс көрсетілсе, ол жалпыға бірдей көрме болып т а б ы л а д ы .

3) Егер көрме адамзат қызметінің қандай да бір саласына қатысты болса, ол мамандандырылған көрме болып есептеледі.

II БӨЛІМ Көрмелер өткізудің ұзақтығы мен жиілігі 4-бап

1) Көрменің ұзақтығы алты айдан аспауға тиіс.

2) Көрменің басталу және аяқталу күндері оны тіркеу кезінде белгіленеді және форс-мажорлық мән-жайларға байланысты, сондай-ақ Халықаралық көрмелер бюросының (бұдан әрі – Бюро) келісімен және осы Конвенцияның V бөліміне сәйкес қана өзгертілуі мүмкін. Дегенмен, көрменің жалпы ұзақтығы алты айдан аспауға тиіс.

5-бап

1) Осы Конвенцияның күші қолданылатын көрмелерді өткізу жиілігі мынадай түрде б е л г і л е н е д і :

a) сол бір мемлекетте екі әмбебап көрме арасындағы уақыт интервалы жиырма жылдам кем болмауға тиіс; әмбебап және мамандандырылған көрмелер арасындағы уақыт интервалы бес жылдам кем болмауға тиіс;

b) әртүрлі мемлекеттерде екі әмбебап көрме арасындағы уақыт интервалы он жылдам кем болмауға тиіс;

с) сол бір мемлекетте ұқсас сипаттағы екі мамандандырылған көрме арасындағы уақыт интервалы он жылдам кем болмауға тиіс; әртүрлі сипаттағы екі мамандандырылған көрме арасындағы уақыт интервалы бес жылдам кем болмауға тиіс;

d) әртүрлі мемлекеттерде ұқсас сипаттағы екі мамандандырылған көрме арасындағы уақыт интервалы бес жылдам кем болмауға тиіс; әртүрлі сипаттағы екі мамандандырылған көрме арасындағы уақыт интервалы екі жылдам кем болмауға тиіс.

2) Жоғарыда айтылған 1-параграфтың ережелеріне қарамастан, Бюро айрықша жағдайларда және 28-баптың 3 (f) параграфында көзделген шарттармен жоғарыда көрсетілген уақыт интервалдарын, бірінші жағынан, мамандандырылған көрмелер мүддесі үшін, екінші жағынан, әртүрлі елдерде өткізілетін әмбебап көрмелер пайдасы үшін жеті жылға дейін шектеуі мүмкін.

3) Тіркелген көрмелер арасында өтуге тиіс уақыт аталған көрмелердің ашылу күнінен бастап есептеледі.

III БӨЛІМ Тіркеу 6-бап

1) Аумағында көрмені өткізу жоспарланған қатысушы елдің Үкіметі (бұдан әрі – «шақырушы Үкімет») Бюроға көрменің өткізілу себебіне байланысты күтілетін заңдарды, құқықтық нормаларды немесе қаржылық көрсеткіштерді көрсете отырып, тіркеуге өтінім жіберуге тиіс. Конвенцияның қатысушысы болып табылмайтын, көрмені тіркеуге ниет білдірген елдің Үкіметі аталған көрмені өткізу шеңберінде осы Конвенцияның I, II, III, IV бөлімдерінің ережелерін және оларды қолдануға белгіленген қағидаларды сақтау міндеттемесін өзіне алатын жағдайда, Бюроға өтінім жіберуі мүмкін.

2) халықаралық қатынастарға жауапты Үкімет (бұдан әрі - «шақырушы Үкімет») көрмені өткізу жоспарланып отырған жерде, тіпті егер аталған Үкімет көрменің ұйымдастырушысы болып табылмаса да, тіркеуге өтінімді жібереді.

3) Бюро міндетті қағидалар түрінде көрмені өткізу кезеңін айқындау үшін ең ұзақ мерзімдерді, сондай-ақ тіркеуге өтінім қабылдау үшін ең аз мерзімдерді белгілейді; ол аталған өтініммен бірге берілуге тиіс құжаттардың тізімін де нақтылайды. Бұдан басқа, Бюро міндетті қаулы түрінде өтінімді қарауға арналған жарналардың мөлшерін белгілейді.

4) Көрме осы Конвенцияның талаптарына және Бюро белгілеген қағидаларға жауап берген жағдайда ғана тіркеу жүзеге асырылуы мүмкін.

7-бап

1) Екі немесе одан да көп мемлекет көрмені тіркеу құқығына бәсекелескен және ортақ келісімге келмеген жағдайда, Бюроның Бас Ассамблеясына жүгінуге тиіс, ол келтірілген дәлелдерді, сондай-ақ, атап айтқанда, тарихи және моральдық сипаттағы

ерекше себептерді, соңғы көрме өткізілген кезеңнен бері өткен мерзімді және бәсекелесетін елдер ұйымдастырған көрмелер санын ескере отырып, шешім қабылдайды.

2) Айрықша мән-жайлардан басқа, Бюро қатысушы елдің аумағында болжанатын көрмеге басымдық береді.

8-бап

4-баптың 2-параграфында көзделген жағдайларды қоспағанда, көрмені тіркеу құқығын иеленген ел көрмені өткізуге мәлімделген күндерді өзгертетін жағдайда, тіркеуге байланысты барлық құқықтардан айрылады. Егер аталған мемлекет көрменің өткізілуін басқа күнге ауыстыруды қаласа, онда ол жаңа өтінімді беруге және қажет болған жағдайда, ықтимал бәсекелестікті көздейтін 7-бапта белгіленген рәсімнен өтуге тиіс.

9-бап

1) Егер қандай да бір көрме тіркелмеген жағдайда, қатысушы елдер оған қатысудан және қолдау көрсетуден, сондай-ақ субсидиясын бөлуден бас тартады.

2) Қатысушы елдер тіркелген көрмеге қатысудан бас тарту туралы шешім қабылдауда толық еркіндігін өзінде қалдырады.

3) Әрбір қатысушы ел жалған көрмелердің, алдау арқылы, жалған уәделер, хабарламалар немесе хабарландырулар жолымен қатысушылар тартылатын көрмелердің ұйымдастырушыларына қарсы іс-қимыл жасау үшін оның заңнамасына сәйкес ең қолайлы барлық шараларды қабылдайды.

IV БӨЛІМ Тіркелген көрмелер ұйымдастырушыларының және қатысушы мемлекеттердің міндеттемелері 10-бап

1) Шақырушы Үкімет осы Конвенцияның ережелерін және оларды іске асыруға белгіленген қағидалардың сақталуына кепілдік беруге тиіс.

2) Егер аталған Үкімет көрмені өз бетімен ұйымдастырмаған жағдайда, ол ұйымдастырушы ретінде заңды тұлғаны ресми түрде тануға және аталған заңды тұлғаның міндеттемелерін орындауына кепілдік беруге тиіс.

11-бап

1) Көрмеге қатысу туралы барлық шақыруларды, олардың қатысушы немесе қатысушы болып табылмайтын мемлекетке жіберілгеніне қарамастан, ұйымдастырушы елдің Үкіметі шақырылған елдің Үкіметіне де, ол басшылық ететін жеке және заңды тұлғаларға да дипломатиялық арналар арқылы жіберуге тиіс. Жауаптар да,

шақырылмаған жеке және заңды тұлғалардың қатысуға өтінімдері де осындай арналар арқылы жіберілуге тиіс. Шақыруларда Бюро белгілеген мерзімдер ескерілуге тиіс. Халықаралық ұйымдарға қатысты шақырулар ұйымдардың өзіне тікелей жіберілуге тиіс.

2) Қатысушы елдің бірде бірі жоғарыда көрсетілген шақырулар осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес жіберілмеген жағдайда, халықаралық көрмені ұйымдастыра немесе оған қолдау көрсете алмайды.

3) Қатысушы елдер, егер шақыруда осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес жүзеге асырылған тіркеуге сілтеме қамтылмаған жағдайда, қатысушы елдің аумағында немесе осы Конвенцияға қол қоймаған мемлекеттің аумағында болатын көрмеге қатысу туралы қандай да бір шақыруды жібермеуге және қабылдамауға міндеттенеді.

4) Кез келген қатысушы ел ұйымдастырушыдан өзіне жіберілгеннен басқа шақыруды жібермеуді талап етуі мүмкін. Ол шақырылмаған жеке және заңды тұлғалардан қатысу туралы шақыруларды немесе өтінімдерді жіберуден де қалыс қалуы мүмкін.

12-бап

Шақырушы Үкімет осы Конвенция шеңберінде кез келген мақсаттар үшін және көрмеге қатысты барлық жағдайда оның атынан өкілдік етуге уәкілеттік берілген көрменің Бас комиссарын тағайындауға тиіс.

13-бап

Көрмеге қатысатын кез келген мемлекеттің үкіметі шақырушы Үкіметтің алдында өзінің мүдделерін білдіру үшін секцияның Бас комиссарын тағайындауға тиіс. Секцияның Бас комиссары өз елі атынан өкілдік етуді ұйымдастыру үшін дербес жауапкершілік көтереді. Ол көрменің Бас комиссарына оның елінің құрамы туралы хабарлайды, сондай-ақ экспоненттер құқықтары мен міндеттерінің сақталуын бақылайды.

14-бап

1) Егер әмбебап көрмелер өткізу шеңберінде ұлттық павильондар көзделген болса, онда қатысушы елдердің барлық үкіметтері өз есебінен өз павильонын салуға тиіс. Дегенмен, Бюроның алдын ала келісімімен әмбебап көрмелер ұйымдастырушылары, ерекшелік ретінде, өз жеке ұлттық павильонын салуға мүмкіндігі жоқ үкіметтерге жалға беруге арналған үй-жайларды салуы мүмкін.

2) Мамандандырылған көрмелер өткізу шеңберінде құрылыстар салу ұйымдастырушылардың міндетіне жатады.

15-бап

Әмбебап көрме өткізу шеңберінде шақырушы үкімет те, жергілікті билік те, сондай-ақ көрме ұйымдастырушылары қатысушы елдер үкіметтеріне бөлінген орындар үшін жалдау ақысын немесе белгіленген бажды алмайды (14-бапта көзделген ерекшелік ретінде салынған орындар үшін жалдау ақысын қоспағанда). Егер шақырушы елде қолданыстағы заңнамаға сәйкес мүліктен алынатын алым енгізілетін жағдайда, ол ұйымдастырушылардан алынатын болады. Бюро бекіткен қағидаларға сәйкес шынайы қызметтер көрсету ғана ақы төлеуге құқық береді.

16-бап

Көрмені өткізу кезінде басшылыққа алынатын кедендік режим осы Конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшасында көрсетіледі.

17-бап

Көрмені өткізу шеңберінде 13-бапқа сәйкес қатысушы елдер үкіметтері тағайындаған бес комиссарлар басшылығымен шақырылған секциялар ғана ұлттық секциялар ретінде қарастырылады және тиісінше осылай аталуға құқылы. Ұлттық секцияға концессия ұстаушыларды қоспағанда, жеке бір елдің барлық экспоненттерін жатады.

18-бап

1) Көрмеде жеке бір қатысушы елдің үкіметі атынан өкілдік ететін секцияның Бас комиссарының рұқсатымен ғана қандай да бір қатысушыны немесе қандай да бір қатысушылар тобын белгілеу үшін қатысушы елге қатысты қандай да бір географиялық а т а у п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

2) Егер қатысушы ел көрмеге қатыспаған жағдайда, көрменің Бас комиссары қатысушы елге қатысты алдыңғы параграфта көзделген қорғаудың қамтамасыз етілуін тексеруге тиіс.

19-бап

1) Ұлттық секциядағы қатысушы елдің барлық экспонаттары осы елмен тығыз байланысты болуға тиіс (мысалы, аталған қатысушы елде шығарылған заттар немесе осы елдің тұрғындары жасаған заттар).

2) Дегенмен, басқа елдердің Бас комиссарларының рұқсаты бойынша экспозицияның қосымшасы ретінде ғана болу шартымен өзге заттар мен тауарлар ұ с ы н ы л у ы м ү м к і н .

3) Қатысушы елдер арасында 1 және 2-параграфтарда көзделген жағдайлар шеңберінде даулар туындаған жағдайда, аталған дау бойынша шешімді секциялар бас комиссарларының қазылар алқасы қатысып отырған комиссарлардың көпшілік даусымен қабылдайды. Олардың шешімі түпкілікті болып табылады.

20-бап

1) Егер ұйымдастырушы елдің заңнамасында өзгеше көзделмесе, көрмені өткізу кезінде қандай да бір түрдегі монополияға жол берілмейді. Алайда коммуналдық қызметтерге монополияны тіркеу немесе тану кезінде Бюро рұқсат етуі мүмкін. Бұл жағдайда ұйымдастырушылар мынадай талаптарды орындауға тиіс:

- а) көрменің жалпы қағидаларында және қатысу туралы шартта осы немесе осындай монополиялардың бар екенін көрсету;
- б) қатысушылардың қолданыстағы талаптар негізінде монополия объектісі болып табылатын қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- с) ешбір жағдайларда өздерінің тиісті секцияларындағы бас комиссарлардың және комиссарлардың құқықтарын шектемеу.

2) Көрменің Бас комиссары немесе Комиссары қатысушы үкіметтерге салынатын алымдардың көрмені ұйымдастырушыларға салынатын алымдардан немесе кез келген жай жергілікті алымдардан асып кетпеуін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолданады.

21-бап

Көрменің Бас комиссары көрме аумағындағы коммуналдық қызметтердің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін болатын шараларды қолданады.

22-бап

Шақырушы Үкімет, әсіресе, көлік шығындары мен адамдардың және заттардың кіру жағдайларына қатысты мәселелерде Үкіметтердің және олардың азаматтарының қатысуын жеңілдетуге барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

23-бап

1. Көрме өткізудің жалпы қағидаларында қатысу туралы анықтаманың берілу мүмкіндігіне қарамастан, қатысушыларға наградалар берілетіні немесе берілмейтіні көрсетілуге тиіс. Наградалар беру көзделген жағдайда, оларды беру белгілі бір с а н а т т а р м е н ш е к т е л у і м ү м к і н .

2. Егер көрменің қандай да бір қатысушысының наградалар ұтысына қатысқысы келмеген жағдайда, ол бұл туралы көрме басталғанға дейін мәлімдеуге тиіс.

24-бап

Келесі бапта сөз қозғалатын Халықаралық көрмелер бюросы жюри шақырудың және оның жұмысының жалпы талаптарын белгілейтін және наградалар беру қисынын айқындайтын қағидалар әзірлеуі мүмкін.

V бөлім Институционалдық ережелер 25-бап

1) Халықаралық көрмелер бюросы осы Конвенцияның орындалуын бақылау және қамтамасыз ету мақсатында құрылған болатын. Оның мүшелері Уағдаласушы Тараптар үкіметтері болып табылады. Бюроның штаб-пәтері Парижде орналасқан.

2) Бюро заңды тұлға болып табылады. Атап айтқанда, шарттар жасасу, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу және иеліктен айыру, сондай-ақ сотта сөйлеу қ а б і л е т т і г і н и е л е н е д і .

3) Бюроға мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен өзіне осы Конвенция жүктеген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті артықшылықтар мен иммунитеттерге жататын келісімдерді жасасу құқығы беріледі.

4) Бюро Бас Ассамблеядан, Президенттен, Атқару комитетінен, мамандандырылған комитеттерден, комитеттер санына тең вице-президенттерден және Бас хатшы басқаратын хатшылықтан тұрады.

26-бап

Бюроның Бас Ассамблеясының құрамы әр Тараптан бірден үшке дейінгі делегат есебінен Уағдаласушы Тараптар тағайындайтын делегаттардан құралады.

27-бап

Бас Ассамблея кезекті сессияларды өткізеді, сондай-ақ арнайы сессиялар өткізе алады. Ол осы Конвенцияға сәйкес өзі жоғары органы болып табылатын Бюроның құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімдер шығарады, атап а й т қ а н д а :

а) халықаралық көрмелерді тіркеуге немесе тануға, жіктеуге және ұйымдастыруға және Бюроның тиісті қызметіне қатысты қағидаларды талқылайды, қабылдайды және б а с ы п ш ы ғ а р а д ы .

Осы Конвенцияның ережелері шеңберінде ол міндетті қағидаларды белгілей алады. Ол сондай-ақ көрмелерді ұйымдастыру кезінде нұсқаулық қызметін атқаратын міндетті және үлгілік қағидаларды белгілей алады;

б) Бюроның бюджетін бекітеді, есепшоттарды бақылайды және бекітеді;

с) Бас хатшының есептерін бекітеді;

d) қажет болған жағдайларда комитеттер құрады және Атқару және басқа да комитеттердің мүшелерін тағайындайды және олардың мандатының қолданылу мерзімін белгілейді;

f) осы Конвенцияның 25-бабының 3-параграфына сәйкес жасалған халықаралық келісімдердің жобаларын бекітеді;

g) 33-бапта көзделген түзетулердің жобаларын қабылдайды;

h) Бас хатшыны тағайындайды.

28-бап

1) Әрбір Уағдаласушы Тарап үкіметінің, өз делегаттарының санына қарамастан, Бас Ассамблеяда бір дауысы болады. Оның дауыс беру құқығы, егер Уағдаласушы Үкімет Конвенцияның 32-бабына сәйкес төлейтін жарналардың жалпы сомасы ағымдағы және өткен жылдар үшін оның жарналарының жалпы сомасынан асып кетсе, тоқтатыла т ұ р а д ы .

2) Бас Ассамблея сессияға қатысып отырған қатысушы мемлекеттердің саны дауыс беру құқығы бар Уағдаласушы Тараптар санының $2/3$ кем болмаған жағдайда өз функцияларын орындауға өкілетті. Көрсетілген кворумға қол жеткізілмеген жағдайда Бас Ассамблея қайтадан сол күн тәртібімен кемінде бір айдан кейін шақырылады. Бұл жағдайда талап етілетін кворум дауыс беруге құқығы бар Уағдаласушы Тараптар с а н ы н ы ң $1/2$ дейін төмендейді.

3) Шешімдер дауыстардың $2/3$ басымдығы қажет болатын, төменде келтірілген:

a) осы Конвенцияға түзетулер жобаларын қабылдау;

b) қағидаларды әзірлеу және өзгерту;

c) бюджетті қабылдау және Уағдаласушы тараптардың жыл сайынғы жарналарының мөлшерін мақұлдау;

d) 5-бапта көзделген шарттарда көрмені ашу және жабу күндерін өзгертуге рұқсат б е р у ;

e) Уағдаласушы тараптың аумағында өткізілетін көрмемен бәсекелескен жағдайда мүше емес мемлекеттің аумағында көрмені тіркеу немесе тану;

f) осы Конвенцияның 3-бабында көзделген аралықтарды азайту;

g) Уағдаласушы тарап берген түзетуге ескертулерді қабылдау, бұл ретте көрсетілген түзету 33-бапты орындау үшін сипатына қарай $4/5$ басымдығымен немесе бірауыздан қ а б ы л д а н у ғ а т и і с ;

h) кез келген халықаралық келісім жобасын бекіту;

i) Бас хатшыны тағайындау жағдайларын қоспағанда, «қолдаған» немесе «қарсы болған» делегациялар қатысушылары дауыстарының көпшілігімен қабылданады.

29-бап

1) Президентті Бас Ассамблея құпия дауыс берумен екі жылдық мерзімге Уағдаласушы тараптардың үкіметтері делегаттарының қатарынан сайланады, бұл ретте ол мандатының әрекет етуі ішінде өзі тиесілі мемлекетті білдіре алмайды. Ол қайта с а й л а н у ы м ү м к і н .

2) Президент Бас Ассамблеяның сессияларын шақырады және оларға басшылық етеді және Бюроның тиісті жұмыс істеуін бақылайды. Президент болмаған жағдайда оның функцияларын Атқару комиссиясына басшылық ету жүктелген Вице-Президент, ал ол да болмаған кезде сайлану тәртібімен басқа Вице-Президенттердің бірі жүзеге а с ы р а д ы .

3) Вице-Президенттерді Бас Ассамблея Уағдаласушы тараптар үкіметтерінің делегаттары арасынан сайлайды, Бас Ассамблея олардың мандаттарының сипаты мен қолданылу мерзімін белгілейді және атап айтқанда, олардың әрқайсысына қандай комитетке басшылық ету жүктелгенін көрсетеді.

30-бап

1) Атқару комитеті он екі Уағдаласушы тарап үкіметтерінің әрқайсысының бір-бір делегатынан тұрады .

2) Атқару комитеті :

a) көрмеде ұсынылуы мүмкін адам қызметі салаларының сыныптамасын жасайды және жаңартады ;

b) көрмені тіркеуге арналған өтінімдерді қарайды және оларды өз қорытындысымен бірге Бас Ассамблеяның бекітуіне табыстайды;

c) өзіне Бас Ассамблея жүктейтін тапсырмаларды орындайды;

d) басқа комитеттердің пікірін сұратуы мүмкін.

31-бап

1) Осы Конвенцияның 28-бабының ережелеріне сәйкес тағайындалатын Бас хатшы Уағдаласушы тараптар бірінің азаматы болуға тиіс.

2) Бас хатшыға Бас Ассамблея мен Атқару Комитетінің нұсқауларына сәйкес Бюроның ағымдағы қызметіне басшылық ету жүктеледі. Ол бюджеттің жобасын дайындайды, бухгалтерлік есептерді ұсынады және Бас Ассамблеяның алдында өз қызметі туралы есеп береді. Ол Бюроның атынан, атап айтқанда, сотта өкілдік етеді.

3) Бас Ассамблея Бас хатшының басқа да құқықтары мен міндеттерін белгілейді, сондай-ақ оның мәртебесін айқындайды.

32-бап

Бюроның жыл сайынғы бюджетін 28-баптың 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкес Бас Ассамблея белгілейді. Бюджетте Бюроның қаржы резервтері, әртүрлі түсімдер, сондай-ақ алдыңғы қаржы жылдарынан алынған кредиттік және дебиттік сальдолар есепке алынады. Бюро шығыстары осы көздердің және Уағдаласушы тараптардың Бас Ассамблея шешімдеріне сәйкес өздеріне жүктелген үлестердің санына сәйкес жарналары есебінен төленеді.

33-бап

1) Кез келген Уағдаласушы тарап осы Конвенцияға түзету жобасын ұсына алады. Аталған жобаның мәтіні мен оны енгізу себептері Бас хатшыға жіберіледі, ол өте қысқа мерзімде оларды барлық басқа Уағдаласушы тараптарға жібереді.

2) Ұсынылған түзету жобасы Бас хатшы жобаны жіберген күннен кейін кемінде үш ай өткен соң өткізілетін Бас Ассамблеяның кезекті немесе кезектен тыс сессиясының күні тәртібіне енгізіледі.

3) Алдыңғы параграфта және 28-бапта көзделген талаптармен Бас Ассамблея мақұлдаған кез келген түзету жобасын Француз Республикасының үкіметі барлық Уағдаласушы тараптарға қабылдау үшін ұсынады. Түзету жобасы осы барлық тараптарға қатысты олардың 4/5 өздерінің оны қабылдағаны туралы Француз Республикасының үкіметіне хабарлаған күні күшіне енеді. Дегенмен, жоғарыда келтірілген ережелерден тыс кедендік режимге қатысты осы параграфқа, 16-бапқа немесе көрсетілген бапқа көзделген қосымшаға кез келген түзету жобасы барлық Уағдаласушы тараптар оны өздерінің қабылдағаны туралы Француз Республикасының үкіметіне хабарлаған күні ғана күшіне енеді.

4) Түзетуді қабылдаған кезде ескерту жасауға ниет білдірген кез келген Уағдаласушы тарап Бюроға өз ескертпесінің мәтінін хабарлайды. Бас Ассамблея аталған ескертпенің қолайлылығына қатысты шешім қабылдайды. Бас Ассамблея көрмелер саласында қол жеткізілген жағдайды сақтап қалуға септігін тигізетін ескертпелерді мойындауға және артықшылық жағдай туғызу мақсатын көздейтін ескертпелерді қабылдамауға тиіс. Егер ескертпе қабылданса, онда оны ұсынған тарап жоғарыда көрсетілген 4/5 көпшілікті есептеу кезінде түзету қабылдаған ретінде есептелетін тараптарға жатады. Егер ескертпе қабылданбаса, онда оны ұсынған тарап алдында аталған түзетуді қабылдамау не оны ескертпесіз қабылдау таңдауы тұрады.

5) Осы баптың 3-параграфында баяндалған талаптармен түзету күшіне енген кезде аталған түзету қабылдаудан бас тартқан кез келген Уағдаласушы тарап қажет деп есептесе, 37-баптың ережелерін қолдануы мүмкін.

34-бап

1) Осы Конвенцияның қолданылуы туралы мәселелерді шешуге өкілеттіктер берілген органдар реттей алмайтын осы Конвенцияны қолдануға немесе түсіндіруге қатысты екі немесе бірнеше Уағдаласушы тараптың арасындағы кез келген келіспеушіліктер дауласушы тараптардың арасындағы келіссөздердің мәні болып т а б ы л а д ы .

2) Егер бұл келіссөздер қысқа мерзім ішінде келісімге әкелмесе, онда тараптардың бірі Бюро Президентіне делдалды тағайындау туралы өтінішпен жүгінеді. Егер делдал дауласушы тараптардың арасындағы келісімге қол жеткізе алмаса, онда ол Президентке өз баяндамасында даулы мәселелердің сипаты мен көлемін тұжырымдайды және б е л г і л е й д і .

3) Осылайша келіспеушілік тұжырымдалған кезде дау төрелік талқылаудың нысанасына айналады. Осы мақсатта тараптардың бірі дауласушы тараптарға баяндама жіберілген кезден бастап бастап 2 айлық мерзім ішінде Бюроның Бас хатшысына өзі сайлаған төрешіні көрсете отырып, төрелік өтініш береді. Дауласушы тараптардың біреуі немесе олардың әрқайсысы 2 айлық мерзім ішінде өзінің төрешісін тағайындауға тиіс. Бұл рәсім орындалмаған жағдайда тараптардың бірі төрешіні немесе төрешілерді тағайындау туралы өтінішпен Халықаралық Соттың төрағасына жүгінеді. Бірнеше тарап бірлесіп сөз сөйлеген кезде олар алдыңғы параграфтың ережелерін қолданған кезде бір тарап болып есептеледі. Күмән болған жағдайда шешімді Бас хатшы қ а б ы л д а й д ы .

Төрешілер өз кезегінде жоғары төрешіні сайлайды. Егер төрешілер екі айлық мерзім ішінде осы кандидатураға қатысты уағдаластыққа қол жеткізе алмаса, бұл тағайындауды тараптардың бірі жүгінетін Халықаралық Соттың төрағасы жүзеге а с ы р а д ы .

4) Төрелік қазылар алқасы өз шешімін көпшілік дауыспен шығарады, бұл ретте, дауыстар тең бөлінген жағдайда жоғарғы төрешінің дауысы шешуші болып табылады. Төреліктің шешімі барлық дауласушы тараптарды міндеттейді, түпкілікті болып табылады және шағым жасауға жатпайды.

5) Әрбір мемлекет осы Конвенцияға қол қойған, оны ратификациялаған немесе оған қосылған кезде өзінің алдыңғы 3-4-параграфтардың ережелерімен байланысты емес деп есептемейтінін мәлімдеуі мүмкін. Басқа Уағдаласушы тараптар мұндай ескертуді тұжырымдаған кез келген мемлекетке қатысты аталған ережелермен байланыспайтын б о л м а й д ы .

6) Алдыңғы параграфтың ережелеріне сәйкес ескертпені тұжырымдаған кез келген Уағдаласушы тарап кез келген кезде өз ескертпесін депозитарий үкіметке жолданған нота жіберу арқылы кері қайтып алуына болады.

Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше кез келген мемлекеттің не БҰҰ мүшесі болып табылмайтын, бірақ Халықаралық Соттың не БҰҰ-ның қандай да бір мамандандырылған мекемесіне немесе Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттіктің жағдайы бойынша тарап болып табылатын кез келген мемлекеттің, қосылу туралы өтінішін Бюроның Бас Ассамблеясында дауыс беру құқығы бар Уағдаласушы тараптардың 2/3 дауыс көпшілігі мақұлдайтын кез келген басқа мемлекеттің қосылуы үшін ашық. Қосылу туралы құжаттар Француз Республикасының үкіметіне сақтауға тапсырылады және олар тапсырылған күні күшіне енеді.

36-бап

Француз Республикасының үкіметі осы Конвенцияға қатысушы елдердің үкіметтеріне, сондай-ақ Халықаралық көрмелер бюросына:

- a) 33-бапқа сәйкес түзетулердің күшіне енуі туралы;
- b) 35-бапқа сәйкес жаңа мүшелердің қосылуы туралы;
- c) 37-бапқа сәйкес күшін жою туралы;
- d) 34-баптың 5-параграфына сәйкес ұсынылған ескертпелер туралы;
- f) Конвенцияның мерзімінің аяқталуы туралы хабарлайды.

37-бап

1) Кез келген қатысушы ел Француз Республикасының Үкіметіне жазбаша түрде хабарлай отырып, осы Конвенцияны бұзуы мүмкін.

2) Аталған бұзу хабарлама алынған күннен бастап бір жыл өткен соң күшіне енеді.

3) Осы Конвенция, егер бұзу нәтижесінде қатысушы елдердің саны жетіден кем болса, өзінің қолданысын тоқтатады.

Қатысушы елдер арасында Бюроның таратылуына қатысты жасалуы мүмкін кез келген шарт болмаған жағдайда, Бас хатшы тарату мәселелеріне жауапты болады. Активтер қатысушы елдердің арасында өздері осы Конвенцияның қатысушысы болған кезден бастап төлеген жарналарына мөлшерлес бөлінетін болады. Егер қарыздары болған жағдайда, оларды ағымдағы қаржы жылына белгіленген жарналарға мөлшерлес осы қатысушы елдер өтейтін болады.

1972 жылғы 30 қарашада Парижде жасалды.

Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі үшін
С. Вон Браун

Аустрия Республикасының Үкіметі үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у ш а р т ы м е н

Эрик Биелка 28/09/1973

Бельгия Корольдігінің Үкіметі үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у ш а р т ы м е н

Р .				Р о с ш и л д
Р. Рау				
Белорусь	Кеңестік	Социалистік	Республикасының	Үкіметі үшін
мандатта	және	декларацияда	айтылған	ескертпелермен
В. Анитчук				
Бразилия	Федеративтік	Республикасының	Үкіметі үшін	
Болгария	Халық	Республикасының	Үкіметі үшін	
Е .				Р а з л о г о в
қол қою кезінде	айтылған	ескертпелермен	және мәлімдемемен	
К а н а д а н ы ң			Ү к і м е т і	ү ш і н
Клауд Т.Чарланд				
Дания	Корольдігінің		Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у				ш а р т ы м е н
Пол Ассам				
И с п а н и я н ы ң			Ү к і м е т і	ү ш і н
Эмили де Мотта				
Америка	Құрама	Штаттарының	Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у				ш а р т ы м е н
Джек Кубич				
Финляндия	Республикасының		Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у				ш а р т ы м е н
Олле Герольд				
Француз	Республикасының		Үкіметі	үшін
Кристиан Домаль				
Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия	Біріккен	Корольдігінің	Үкіметі үшін	
Ф .				С е д г у и к - Д ж е л л
Д. Логан				
Грекия	Корольдігінің	Үкіметі үшін		
Гаити	Республикасының	Үкіметі үшін		
Венгрия	Халық	Республикасының	Үкіметі үшін	
мандаттарда		қамтылған		ескертпелермен
Лазло Фолдес				
Израиль	Мемлекетінің		Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у				ш а р т ы м е н
Израел Хавив				
Италия	Республикасының		Үкіметі	үшін
Р а т и ф и к а ц и я л а у				ш а р т ы м е н
Ф. Малфатти				
Жапонияның	Үкіметі үшін			

Ливан Республикасының Үкіметі үшін
 Марокко Корольдігінің Үкіметі үшін
 Монако Князьдігінің Үкіметі үшін
 Пьер-Люис Фалайзе
 Нигерия Федеративтік Республикасының Үкіметі үшін
 Норвегия Корольдігінің Үкіметі үшін
 Р а т и ф и к а ц и я л а у ш а р т ы м е н
 Херслеб Вогт
 Жаңа Зеландияның Үкіметі үшін
 Нидерланд Корольдігінің Үкіметі үшін
 Р а т и ф и к а ц и я л а у ш а р т ы м е н
 Ж.А де Ранитз
 Польша Халық Республикасының Үкіметі үшін
 Ратификациялау шартымен және 1972 жылғы 30 қарашада вербальды түрде айтылған
 ескертпелермен (№ Z-II ОМЕ-ВІЕ)
 Мичата Каджзера
 Португалия Республикасының Үкіметі үшін
 Р а т и ф и к а ц и я л а у ш а р т ы м е н
 А . Л е н к а с т р е л а В е й г а
 1973 жылғы 29 қараша
 Румыния Социалистік Республикасының Үкіметі үшін
 34-баптың 3 және 4-параграфтарының ережелеріне және 35-баптың декларациясына
 сәйкес мандаттарда көрсетілген ескертпелермен
 С . Ф л и т а н
 1973 жылғы 8 қараша
 Швеция Корольдігінің Үкіметі үшін
 Р а т и ф и к а ц и я л а у ш а р т ы м е н
 Д. Уинтер
 Швейцария Конфедерациясының Үкіметі үшін
 Р а т и ф и к а ц и я л а у ш а р т ы м е н
 Макс Троэндл
 Танзания Біріккен Республикасының Үкіметі үшін
 Чехословакия Социалистік Республикасының Үкіметі үшін
 Тунис Республикасының Үкіметі үшін
 Абдессалем Бенайед
 Украина Кеңестік Социалистік Республикасының Үкіметі үшін
 Александр Горденко

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Үкіметі үшін
қол қою кезінде айтылған ескертпелермен және декларациямен
Юрий Борисов

**1928 ЖЫЛҒЫ 22 ҚАРАШАДА ПАРИЖ ҚАЛАСЫНДА ЖАСАЛҒАН, 1948
ЖЫЛҒЫ 10 МАМЫРДАҒЫ, 1966 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАРАШАДАҒЫ, 1972 ЖЫЛҒЫ
30 ҚАРАШАДАҒЫ ХАТТАМАЛАРМЕН ӨЗГЕРТІЛГЕН ЖӘНЕ
ТОЛЫҚТЫРЫЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕЛЕР ТУРАЛЫ
КОНВЕНЦИЯҒА ҚОСЫМША Халықаралық көрмелерге қатысушылардың
бұйымдарды әкелуінің кедендік қағидалары 1-бап Анықтамалар**

Осы Қосымшаны қолдану кезінде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

а) "әкелу бажы" - әкелген кезде немесе әкелумен байланысты алынатын кедендік
б а ж д а р м е н
кез келген басқа да баждар мен салықтар, сондай-ақ көрсетілген қызметтердің
қ ұ н ы м е н

шектелген және отандық тауарларды жанама қорғауды білдірмейтін төлемдер мен
салықтарды немесе әкелу кезінде фискальдік сипаттағы алымдарды қоспағанда,
ә к е л і н е т і н

тауарларға салынатын барлық акциздік алымдар мен ішкі салықтар;

б) "уақытша әкелу" – қандай да бір импорттық тыйым салусыз немесе кері экспорт
міндеттемесімен шектеулерсіз әкелу бажын төлеуден босата отырып, уақытша әкелу.

2-бап

У а қ ы т ш а ә к е л у м ы н а л а р ғ а :

а) көрсетуге арналған немесе көрмеде көрсету нысанасы болып табылатын
т а у а р л а р ғ а ;

б) көрмеде шетелдік тауарларды көрсету мақсатында пайдалануға арналған
тауарларға, б ұ л а т а п а й т қ а н д а :

i) көрмеге қойылған шетелдік механизмдерді немесе аппараттарды көрсетуге
қ а ж е т т і т а у а р л а р ғ а ;

ii) құрылыс материалдарына, соның ішінде шикізат күйіндегі материалдарға,
көркем безендіруге арналған материалдарға, шетелдік павильондар мен көрмедегі
қабырғалықтар, сондай-ақ шетелдік қатысушы шет ел секциясының Комиссарына
арналған үй-жайлар үшін жиһаз бен электр жабдығына;

iii) көрмедегі жұмыстарды атқаруға қажетті саймандарға, құрылыс жабдығы мен
к ө л і к қ ұ р а л д а р ы н а ;

iv) көрмеде ұсынылған шетелдік тауарлардың жарнамасы ретінде пайдалануға

арналған жарнамалық және көрсету материалдарына, мысалы, дыбыстық жазбаларға, фильмдер мен диапозитивтерге, сондай-ақ оларды пайдалану үшін қажетті а п п а р а т у р а ғ а ;

с) құрал-жабдыққа, соның ішінде ауызша аудармаға арналған аппаратураға, дыбыс жазатын аппаратура мен көрмеге қатысуға байланысты пайдалануға арналған оқу, ғылыми немесе мәдени сипаттағы фильмдерге қолданылады.

3-бап

Осы Қосымшаның 2-бабында көзделген жеңілдіктер мына:

- а) тауарлардың экспорты кезінде олардың танылуы мүмкін болған;
- б) қатысушы ел секциясының Бас комиссары ақшалай депозит енгізбестен көрме жабылғаннан кейін белгіленген мерзімде кері экспортталмайтын тауарлардан алынатын әкелу баждарын төлеуге кепілдік берген; экспоненттердің өтініші бойынша шақырушы елдің заңнамасында көзделген басқа түрдегі кепілдіктер (мысалы, 1961 жылғы 6 желтоқсандағы Кедендік ынтымақтастық Кеңесінің Конвенциясымен қолданысқа енгізілген А.Т.А. карнеттері) қабылдануы мүмкін болған;
- с) Уақытша әкелінетін елдің кеден биліктері осы Қосымшада көзделген талаптардың орындалатынын растаған жағдайларда беріледі.

4-бап

Тауарларға осы Қосымшада көзделген жеңілдіктер қолданылатын кезеңде және уақытша әкелінетін елдің заңдарында немесе қағидаларында бұл рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, уақытша әкелуге рұқсат етілген тауарлар қарызға берілмейді, жалға өткізілмейді немесе ақы үшін пайдаланылмайды, сондай-ақ көрме аумағынан шығарылмайды. Олар өте қысқа мерзімде және көрме жабылғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей кері экспортталуға тиіс. Кеден биліктері дәлелді себептермен бұл мерзімді уақытша әкелінетін елдің заңдарында және қағидаларында белгіленген шекте ұзартуы мүмкін.

5-бап

а) 4-бапта көзделген кері экспорттау міндеттемесіне қарамастан, тез бұзылатын, қатты зақымданған немесе қымбат емес тауарларды кеден биліктері шешіміне сәйкес:

- i) оларға қолма-қол төленетін әкелу баждары салынған; не
- ii) олар уақытша әкелінетін елдің мемлекеттік қазынасына кез келген шығыстардан е р к і н б е р і л г е н ; н е
- iii) олар уақытша әкелінетін елдің мемлекеттік бюджет тарапынан шығыссыз ресми бақылаумен кедендік органдардың талабы бойынша жойылған жағдайда кері

экспорттау талап етілмейді. Кері экспорт міндеттемесі де тиісті секцияның Бас комиссарының талабы бойынша жойылатын, кез келген сипаттағы тауарларға қолданылмайды. Бұл жағдайда жою уақытша әкелінетін елдің мемлекеттік қазынасы тарапынан шығыссыз ресми бақылаумен жүзеге асырылады;

б) уақытша әкелуге рұқсат етілген тауарлар, егер осы тауарлар тікелей шетелден әкелінген болса, кері экспорт үшін ғана емес, атап айтқанда, уақытша әкелінетін елдің заңдары мен қағидаларына орай қолданылатын шарттар мен формальдылық орындалған жағдайда ішкі пайдалануға арналуы мүмкін.

6-бап

Көрмеде қойылған механизмдердің немесе аппараттардың жұмыс істеуін көрсету үшін уақытша әкелінген тауарлардан көрме кезінде алынған тауарларға, оларды уақытша әкелуге рұқсат етілгендей тәртіппен, бірақ 7-баптың ережелері сақталған жағдайда, осы Қосымшаның 4 және 5-баптарының ережелері қолданылады.

7-бап

Тауарлардың жалпы құны мен саны әкелінетін елдің кеден биліктерінің пікірі бойынша негізді болған жағдайларда және талаппен, көрменің сипаты, келушілердің саны мен экспоненттің қатысу көлемі ескеріле отырып:

а) көрмеде қойылған шетелдік тауарларды білдірген ұсақ үлгілерден (алкоголь ішімдіктерін, темекіні және жағармайды қоспағанда), оның ішінде сондай ретінде әкелінген немесе қапталмай әкелінген тауарлардан көрмеде алынған тамақ өнімдерінің және ішімдіктердің үлгілерінен:

i) тегін жеткізілетін және қолдану үшін көрмеге келушілерге тегін тарату немесе өздеріне таратылған адамдардың тұтынуы үшін ғана пайдаланылатын шетелдік тауарлар туралы сөз етілген;

ii) осы тауарлар жарнамалық сипаттағы үлгілер ретінде танылуы мүмкін және олардың өнім бірлігі үшін құндылығы болмашы болған;

iii) олар коммерциялық қолдану үшін арналмаған және тиісті жағдайларда олардың өлшеніп оралуы бөлшек саудаға түсетін ең аз сандағы өлшеп ораудан едәуір аз болған;

iv) (III) тармаққа сәйкес қаптамада бөліп таратылмайтын, тамақ өнімдері мен ішімдіктер көрмеде тұтынылған жағдайда;

б) секцияның Бас комиссары экспонаттарды бағалау уақытында тұтынылған заттардың сипатын және санын көрсете отырып, куәлікті берген жағдайда осындай бағалау кезінде көрменің әділқазылар алқасы пайдаланған немесе тұтынған, әкелінген үлгілерден;

с) көрсету немесе көрмеде ұсынылған шетелдік механизмдер мен аппараттарды көрсету мақсатында ғана әкелінетін және көрсетілім уақытында тұтынылған немесе

ж о й ы л ғ а н

т а у а р л а р д а н ;

д) тегін жеткізілетін және көрме аумағында халыққа тегін тарату үшін ғана арналған шетелдік тауарлар туралы сөз етілген жағдайда көрмеде ұсынылған шетелдік тауарларды жарнамалау мақсатына арналған баспа материалдарынан, каталогтардан, проспекттерден, прејскуранттардан, жарнама афишаларынан, иллюстрацияланған немесе иллюстрацияланбаған күнтізбелерден, жиектемесі жоқ фотосуреттерден әкелу баждары алынбайды, оларға импорттық тыйым салу немесе шектеу қолданылмайды және уақытша әкелу рұқсат етілген кезде оларды кері экспорттау талап етілмейді.

8-бап

М ы н а д а й ж а ғ д а й л а р д а :

а) көрмедегі шетелдік экспозицияларды салу, жабдықтау, көркем ресімдеу, жандандыру және әшекейлеу үшін әкелінетін және қолданылатын (бояулар, лактар, тұсқағаздар, буланғыш сұйықтықтар, фейерверктерге арналған материалдар, тұқымдар, өсімдіктер және т.б.) және оларды пайдалану фактісіне орай жойылатын тауарлардан;

б) көрмеге қатысушы ел жариялайтын иллюстрацияланған және иллюстрацияланбаған каталогтардан, кітапшалардан, афишалар мен басқа да ресми б а с п а м а т е р и а л д а р ы н а н ;

с) жоспарлардан, сызбалардан, дерекнамалардан, мұрағат материалдарынан, бланкілер мен көрмеде сондайлар ретінде қолдануға арналған басқа да құжаттардан әкелу баждары алынбайды, оларға импорттық тыйым салу немесе шектеу қолданылмайды және уақытша әкелу рұқсат етілген кезде оларды кері экспорттау талап етілмейді.

9-бап

а) көрмеде ұсынылатын немесе ұсынылған немесе пайдаланылған тауарларды әкелу кезінде де, әкету кезінде де тексеру мен кедендік тазалау осы көрменің аумағында мүмкін және мақсатқа сай болған барлық жағдайларда жүргізіледі;

б) әрбір Уағдаласушы тарап өз аумағында өзі ұйымдастыруға көрмеде ақылға қонымды мерзімде кедендік бюроны ашу үшін көрменің көлемін ескере отырып, мақсатқа сай деп есептеген барлық жағдайларда күш-жігерін қолданатын болады;

в) импортшы ресімдеудің жеңілдетілген рәсімін пайдалану мақсатында әкелу бюросы арқылы тауарларға кері экспортты жүргізуге міндеттелген жағдайларды қоспағанда, уақытша әкелу режимі қолданылатын тауарлардың кері экспорты осы мақсат үшін құрылған кез келген кедендік бюро арқылы, егер ол әкелу бюросы болмаса да, бір рет немесе бірнеше рет орын алуы мүмкін.

10-бап

Жоғарыда келтірілген ережелер:

а) жекелеген Уағдаласушы тараптар бір жақты тәртіппен не екіжақты немесе көпжақты келісімдерге орай берген немесе беретін неғұрлым кең жеңілдіктерді;

б) көрмені ұйымдастыруға қатысты кедендік емес сипаттағы ұлттық немесе конвенциялық қағидаларды;

в) қоғамдық мораль мен тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті, гигиена немесе денсаулық сақтау мақсаттарына немесе ветеринариялық немесе фитопатологиялық тәртіп мақсаттарына негізделген немесе патенттерді, фабрикалық маркаларды, авторлық және баспа құқықтарын қорғауға қатысты ұлттық заңдарда және қағидаларда көзделген тыйым салу мен шектеулерді қолдануға кедергі келтірмейді.

11-бап

Осы Қосымшаның ережелерін қолдану үшін Кедендік немесе экономикалық одақты құратын Уағдаласушы тараптардың аумақтары біртұтас аумақ ретінде қаралуы мүмкін.

Қол қоюлар

ҰСЫНЫМ

Бас Ассамблея әкелу баждарын алмауды, импорттық тыйым салу мен шектеулер қолданбауды және уақытша рұқсат етілген кезде тауарлардың жалпы құны мен саны әкелінетін елдің кеден биліктерінің пікірі бойынша көрменің сипаты, келушілердің саны мен экспонент қатысуының көлемі, Бас комиссарлар:

i) өздерінің жеке тұтынуы үшін;

ii) ресми қабылдаулар уақытында пайдалану үшін;

iii) өздерінің елдерінен, ұйымдастырушы елден немесе үшінші елдерден құрметті қонақтарына тапсыру үшін әкелген тауарлар ескеріле отырып, ақылға қонымды болған жағдайда кері экспорттауды талап етпеуді ұсынады.

РАСТАЛҒАН КӨШІРМЕ ТҮПНҰСҚАМЕН САЛЫСТЫРЫЛҒАН
ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫ
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
МҰРАҒАТТАРЫНДА САҚТАЛАДЫ

Париж, 2013 жылғы 23 желтоқсан

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕЛЕР

Б Ю Р О С Ы

Виктор Гюго авеню, 59

7 5 7 8 3 П А Р И Ж

Телефон: 45-00-38-63

1928 жылғы 22 қарашада Париж қаласында жасалған,
1972 жылғы 30 қазандағы хаттамамен өзгертілген
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕЛЕР ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯҒА ТҮЗЕТУ

Халықаралық көрмелер бюросының Бас ассамблеясы 1982 жылғы 24 маусымда жиналып, өзгертілген Халықаралық көрмелер туралы конвенцияның 28-бабына сәйкес қажет ететін осы Конвенцияға мынадай редакциядағы түзетуді көпшілік дауыспен қабылдады:

«ЖОҒАРЫДА КЕЛТІРІЛГЕН УАҚЫТ АРАЛЫҒЫ» ДЕГЕН СӨЗДЕРДЕН БАСТАП 5.2-БАПТЫҢ ЕРЕЖЕСІ ЖОЙЫЛҒАН

РАСТАЛҒАН КӨШІРМЕ ТҮПНҰСҚАМЕН САЛЫСТЫРЫЛҒАН
ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫ
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
МҰРАҒАТТАРЫНДА САҚТАЛАДЫ

Париж, 2013 жылғы 23 желтоқсан

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕЛЕР
БЮРОСЫ

Виктор Гюго авеню, 59

75783 ПАРИЖ

Телефон: 45-00-38-63

1948 жылғы 10 мамырдағы, 1966 жылғы 16 қарашадағы
және 1972 жылғы 30 қарашадағы хаттамалармен,
сондай-ақ, 1988 жылғы 31 мамырда Бас ассамблеямен қабылданған
1982 жылғы 24 маусымдағы түзетумен өзгертілген және
толықтырылған

1928 жылғы 22 қарашадағы Конвенцияға түзету

Халықаралық көрмелер бюросының Бас ассамблеясы 1988 жылғы 31 мамырда
жиналып,

1928 жылғы 22 қарашада Париж қаласында жасалған, 1948 жылғы 10 мамырдағы,
1966 жылғы 16 қарашадағы және 1972 жылғы 30 қарашадағы хаттамалармен, сондай-ақ
, 1982 жылғы 24 маусымда түзетумен өзгертілген және толықтырылған Халықаралық
көрмелер туралы конвенциямен бекітілген қағидалар мен рәсімдер аталған көрмелерді
ұйымдастырушылар мен қатысушы елдер үшін пайдалы және қажетті болып
табылатынын ескере отырып,

жоғарыда аталған қағидалар мен рәсімдерді қазіргі жағдайларға бейімдеуді тілей
отырып,

1928 жылғы 22 қарашадағы Конвенциямен өзгертілген 33-тармақтың ережелеріне
сәйкес халықаралық көрмелерді реттейтін бірқатар қағидалар мен рәсімдерге мынадай
редакцияда түзетулер енгізуді шешті:

I БАП

1928 жылғы 22 қарашадағы Конвенциямен өзгертілген 2-бабы мынадай редакциядағы екінші абзацпен толықтырылады:

«Ұйымдастырушылар көрмеге бере алатын мәртебеге қарамастан, осы Конвенция көрмелерді тіркелген және танылған етіп ажыратады».

II БАП

1928 жылғы 22 қарашадағы Конвенциямен өзгертілген 1-бөлімінің 3-тармағы және 2-бөлімінің 4 және 5-тармақтары жойылған және атауы «Халықаралық көрмелерді ұйымдастырудың жалпы шарттары» болатын 2 жаңа бөлімді құрайтын келесі ережелермен а у ы с т ы р ы л ғ а н .

3-бап: төменде көрсетілген 25-бап бойынша Халықаралық көрмелер бюросымен төмендегі сипаттағы көрмелер тіркеле алады:

А) олардың ұзақтығы алты аптадан кем және алты айдан көп бола алмайды;

В) қатысушы елдермен қолданылатын көрмені құрудың режимі көрменің жалпы регламентімен белгіленеді. Шақырушы елдің қолданыстағы заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүліктен салық алынған жағдайда, ол ұйымдастырушылармен төленуге жатқызылады. Бюромен қабылданған қағидаларға сәйкес тек нақты көрсетілген қызметтер төленуге жатқызылуы мүмкін;

С) 1995 жылғы 1 қаңтардан екі тіркелген көрмелердің арасында уақыт аралығы бес жылдан кем емес мерзімді құрайды және бірінші көрме 1995 жылы өткізілуі мүмкін. Дегенмен, алғашқы күнтізбемен бекітілген, бес жылдық уақыт аралығын өзгертусіз, ерекше күндер мен дүниежүзілік маңызы бар оқиғаларды мерекелеуге мүмкіндік беру үшін, Халықаралық көрмелер бюросы көрмені өткізу уақытын алдыңғы ережеден туындаған күнге қатысты бір жылдан артық емес уақытқа жеделдетуге келісуі мүмкін.

4 - б а п :

А) Халықаралық көрмелер бюросымен төмендегі сипаттағы көрмелер танылуы м ү м к і н :

1. олардың ұзақтығы үш аптадан кем және үш айдан көп бола алмайды;

2. олар нақты тақырыпқа арналуы тиіс;

3. олардың жалпы аумағы 25 га аспауы тиіс;

4. оларды өткізу шеңберінде қатысушы елдерге ұйымдастырушымен салынған алаңдар бөлінуі тиіс, олар қызмет көрсету шығындарынан басқа жалдау ақысы, салықтар, баж салықтары немесе басқа да шығындар төлеуге жатпайды, мемлекетке ең үлкен бөлінген алаң 1000 м² аспауы тиіс. Дегенмен, Халықаралық көрмелер бюросы егер ұйымдастырушы мемлекеттің экономикалық және қаржылық жағдайы ақтамаса, міндетті сипаттағы төлеуден бас тартуды бере алады;

5. осы А) параграфына сәйкес екі тіркелген көрмелердің арасында тек қана бір танылған көрме өткізілуі мүмкін.

6. Осы А параграфына сәйкес бір жылдың ішінде тек қана бір тіркелген немесе танылған көрме өткізілуі мүмкін.

В. Сондай-ақ, Халықаралық көрмелер бюросы:

1. үш жылда бір рет өтетін, өзінің тарихи озықтық күшіне және ол алғашқы сипатын сақтайтын болған жағдайда, Миланның бейнелеу өнері мен қазіргі заманғы сәулетінің көрмесін тануы мүмкін;

2. екі жылдан кем және он жылдан кем емес кезектесіп әртүрлі мемлекеттерде өткізу шартымен Гүл өсіру шаруашылығын өндіретін халықаралық қауымдастықпен танылған А1 үлгісіндегі гүл өсіру көрмелері; олар екі тіркелген көрмелер арасы аралығында өткізілуі тиіс.

5-бап: Көрмені ашу мен жабу күндері және оның жалпы сипаттамасы тіркеу немесе көрмені тану сәтінде белгіленеді және тек қана ХКБ-ның келісуімен өзгеруі тиіс.

III БАП

1928 жылғы 22 қарашадағы Конвенциямен өзгертілген 14 және 15-баптар жойылған.

IV БАП

1928 жылғы 22 қарашадағы Конвенциямен өзгертілген 8-бабының бірінші жолында «5-бап» деген сөзді «4-бап» деген сөзбен ауыстыру керек.

V БАП

1. 1928 жылғы 22 қарашадағы Конвенциямен өзгертілген 12-бапта «секцияның Бас комиссары» деген сөздерден кейін «егер тіркелген көрме немесе секцияның Комиссары туралы сөз болса, егер танылған көрме туралы сөз болса» деген сөздерді қою керек.

2. 13-баптың екінші жолында «секцияның Бас комиссары» деген сөздерден кейін «тіркелген көрме немесе секцияның Комиссары туралы сөз болса, егер танылған көрме туралы сөз болса» деген сөздерді қою керек.

13-баптың үшінші жолында «секцияның Бас комиссары» деген сөздерден кейін «немесе секцияның Комиссары» деген сөздерді қою керек.

13-баптың төртінші жолында «көрменің Бас комиссары» деген сөздерден кейін «немесе көрменің Комиссары» деген сөздерді қою керек.

3. 17-бапта «Бас комиссарлар» деген сөздерден кейін «немесе Комиссарлар» деген сөздерді қою керек.

4. 18-баптың 1-параграфында «секцияның Бас комиссары» сөздерінен кейін «немесе секцияның Комиссары» сөздерін қосу керек.

18-тармақтың 2-параграфында «Бас комиссарлар» деген сөздерден кейін «немесе Комиссарлар» деген сөздерді қою керек.

5. 19-тармақтың 2-параграфында «Бас комиссарлары» деген сөздерінен кейін «немесе Комиссарлары» деген сөздерін қою керек.

19-баптың үшінші абзацында «Бас комиссарлары» деген сөздерінен кейін «немесе Комиссарлары» деген сөздерін қосу керек.

6. 20-баптың 1-параграфында «Бас комиссарлары» деген сөздерінен кейін «немесе Комиссарлары» деген сөздерін қою керек.

19-баптың үшінші абзацында «Бас комиссары» деген сөздерінен кейін «немесе Комиссары» деген сөздерін қою керек.

7. 21-бапта «Бас комиссары» деген сөздерінен кейін «немесе Комиссары» деген сөздерін қою керек.

VI БАП

1. «тіркеу» деген сөзінен кейін «немесе мойындау» деген сөздерін қою керек:

- 6-бап 1-параграфының екінші жолында,
- 6-баптың 4-параграфында,
- 7-баптың 1-параграфында,
- 8-баптың бірінші жолында.

2. «тіркеу» деген сөзінен кейін «немесе мойындау» деген сөздерін қою керек:

- 11-баптың 3-параграфында,
- 20-баптың 1-параграфында.

3. «тіркеу» деген сөзінен кейін «немесе мойындау» деген сөздерін қою керек:

- 6-баптың 2-параграфында,
- 6-баптың 3-параграфында,
- 30-баптың 2b-параграфында,

4. 8-баптың бірінші жолында «тіркеу» деген сөзінен кейін «немесе мойындау» деген сөздерін қою керек.

5. 6-тармақ 1-параграфының екінші жолында «тіркеуге» деген сөзден кейін «немесе мойындауға» деген сөздерін қою керек.

6. 27a-бабында «тіркеуге» деген сөзінен кейін «немесе мойындауға» деген сөздерін қою керек.

7. «тіркелген» деген сөзінен кейін «немесе мойындалған» деген сөздерін қою керек:

- 9-баптың 1-параграфында,
- 9-баптың 2-параграфында,

- 28-баптың 3e-параграфында.

РАСТАЛҒАН КӨШІРМЕ ТҮПНҰСҚАМЕН САЛЫСТЫРЫЛҒАН
ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫ
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
МҰРАҒАТТАРЫНДА САҚТАЛАДЫ

Париж, 2013 жылғы 23 желтоқсан